



**АУЫЛҒА
ОҢАЛМАЙ,
ЕЛ
ТОҒАЙМАЙДЫ**

3-бет



**ЖЕРТӨЛЕДЕГІ
ДАУЫС**

8-бет

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№6 (3537) 24 қаңтар 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЯСИ МӘМІЛЕ АЛАҢЫ



«Парламент» ұғымы Қазақстанда алғаш рет 1995 жылы қабылданған Конституцияда бекітілген еді. Бұл туралы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Қолданыстағы Конституцияны қабылдағаннан кейін Қазақстанда экономикалық реформаны жүргізу үшін «даңғыл жол» ашылды. Бейнелеп айтқанда, барлығын да басқарған, бірақ, ештеңені басқара алмаған Жоғарғы Кеңестің орнына осы жылдар ішінде елдің бет-бейнесін өзгерткен заңдарды қабылдаған қос палаталы кәсіби Парламент келді», – деген еді.

(Соңы 5-бетте)

КЕҢЕС

Асламбек МЕРҒАЛИЕВ, ҚР Жоғарғы Соты төрағасы:

«АЗАМАТТАРДЫҢ ҮМІТІН АҚТАУ МІНДЕТ»

Жоғарғы Соттың кеңейтілген кеңесінің жұмысына Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Ержан Жиенбаев, Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағасы Денис Шипп пен Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Айдын Бікебаев қатысты. Онлайн режимде жиынға өңірлердің судьялары да қосылды.



Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы Әбдірашит Жүкенов 2022 жылы бірінші сатыдағы соттарға 2021 жылмен (32 737) салыстырғанда қылмыстық істер 4,6%-ға (31 257) аз түскенін мәлімдеді.

Сотталғандардың саны 1,5 %-ға (28 208-ден 28 611-ге) азайған. Соттың үш сатысында барлығы 483 адам (2021-де – 503, 4%-ға аз)

ақталған. Ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша өткен жылмен (168) салыстырғанда 177 адам ақталған (5 %-ға көп). Былтыр 377 адамға қатысты үкімнің күші жойылса, биыл бұл көрсеткіш – 334-ті құрады. Апелляцияда былтыр 1348 адамға қатысты сот актілері өзгертілсе, биыл 1246 адамға қатысты актілер өзгертілді. Апелляцияда былтыр 8 458 адамға,

был 8 010 адамға қатысты істер қаралған, көрсеткіш 5,3%-ға аз. Жоғарғы Сот 17 адамға қатысты бірінші сатыдағы 14 іс бойынша үкімдерді қалпына келтірген.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы Нұрсерік Шәріповтің ақпаратына сүйенсек, 2022 жылы соттарға барлығы 780 мың азаматтық іс пен материал келіп түскен. Көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артқан. Материалдар санының 34,3%-ға (168 934-ден 226 914-ға) артуы борышкерлердің Қазақстаннан тыс жерлерге шығуын санкциялау есебінен орын алған.

Апелляцияда істер 15%-ға (36 мыңнан 30 мыңға) аз қаралған. Сот шешімдерін түзету 17%-ға (5 мыңнан 4 мыңға дейін) азайған. Кассацияда да істер былтырғымен салыстырғанда аз (582-ден 575-ке дейін) қаралды. Жоғарғы Сот апелляция күшін жойған бірінші сатыдағы соттардың 85 шешімінің күшін қалпына келтірген.

Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі алқа төрағасы Аслан Түкиев талап арыздар санының ай сайын өскенін атап өтті. 2022 жылы 9 мыңның үстіндегі істер бойынша 30 мыңнан астам шешім қабылданған. Шешімдердің 57% талапкерлердің пайдасына шығарылған, істердің 15%-ында тараптар татуласқан, 25% іс бойынша арыздарды талапкерлер қайтарып алған. 686 ақшалай өндіру туралы және 1 758 жеке ұйғарым шығарылған.

(Соңы 2-бетте)

19 НАУРЫЗ – ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАНАДЫ

Мемлекет басшысы Жетінші сайланған ҚР Парламентінің Мәжілісін тарату және ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Онда Мәжіліс депутаттарын кезектен тыс сайлау мерзімі бекітілген.

«1. Жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалсын» делінген Жарлықта.

Сондай-ақ, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы мәлімдемесінде барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын Орталық сайлау комиссиясы белгілейтінін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы мәлімдемесінде: «Мен Конституцияға сәйкес, Парламент палаталарының төрағаларымен, Премьер-Министрмен кеңесіп, Мәжілісті тарату және мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы жарлықтарға қол қойдым. Депутаттарға белсенді әрі жемісті жұмысы үшін алғыс айтамын. Мәжіліс пен мәслихат депутаттары еліміздегі ауқымды реформаларды іске асыруға барынша атсалысты. Олар сайлаушылармен жиі кездесу өткізді. Шалғайдағы елді мекендерге барды. Сондай-ақ, жұртты толғандырған өзекті мәселелерді көтеріп, қоғамдық пікірталасқа ұйытқы болды» – деді.

Енді Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізім арқылы, ал қалған 30 пайызы бір мандатты округтерден сайланады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихат депутаттары да аралас жүйе бойынша сайланады. Депутаттардың 50 пайызы бір мандаттық жүйе арқылы, 50 пайызы партиялық тізім бойынша өтеді. Ал, аудан және облыстық маңызы бар қалалардағы мәслихат сайлауында азаматтар бір мандатты округтерден шыққан кандидаттарға дауыс береді. Осылайша, Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа үлгі бойынша жасақталады.

Конституциялық реформа аясында саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетілді. Атап айтқанда, партия мүшелерінің санына қатысты талап өзгерді. Оның төменгі шегі төрт есе төмендеп, 20 мыңнан 5 мыңға дейін азайды. Партиялардың әр аймақтағы өкілдерінің саны кемінде 600 адам болуға тиіс еді, ал қазір 200 адамға дейін төмендеді. Осы және басқа да жүйелі шаралардың нәтижесінде елімізде көп уақыттан бері алғаш рет бірнеше жаңа саяси партия тіркелді.

«Алдағы сайлаудың заңға сәйкес өтуіне, әділ әрі ашық болуына қатаң бақылау жасалады. Бұған Орталық сайлау комиссиясы және Бас прокуратура жауапты. Сайлау науқанын отандық және халықаралық байқаушылар жіті қадағалайды. Осы тұста азаматтарымыздың байқаушы ретінде белсенділік танытуы маңызды. Заңға сай барлық кандидат пен партияның бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына мүмкіндік беріледі. Осы сайлау науқаны еліміздегі саяси мәдениеттің жоғары екенін айқын көрсетіп, қоғамымызды ұйыстыра түседі деп сенемін. Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы мемлекеттік билік институттарын жаңғырту жұмыстарының қорытынды кезеңі болмақ. Мен баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсене қатысуға шақырамын» – деді Президент өзінің үндеуінде.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ЖАҢА ЖОБА

КЕҢЕС

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ КӨПКЕ ОРТАҚ

Жақында Алматы облысының прокуратурасы мен Полиция департаменті «Жол қозғалысының қауіпсіздігі» атты жаңа жобаны іске қосты. Жобаның іске қосылуы жол-көлік оқиғаларының өсуіне тікелей байланысты. Статистика бойынша, өткен жылы облыс аумағында 1 700-ден астам ЖКО тіркелген, онда 2 369 адам зардап шегіп, 300-ден астам адам қаза тапқан, оның 30-ы балалар.



Облыс прокуроры Берік Адамов іске асырылып жатқан жоба аясында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі шаралар қабылданатынын атап өтті. Қазірдің өзінде әр ауданда прокуратура, полиция, әкімдік және қоғам белсенділері қатарынан мобильді топтар құрылды, проблемалық учаскелерді орындамағаны үшін 164 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жолдардың қауіпті учаскелерінде 29 аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылды, қосымша 120-дан астам осындай кешен орнату жоспарлануда», – деді

Алматы облысы ПД бастығы, полиция полковнигі Бауыржан Аленов. Жоба бес бағыт бойынша іске асырылатын болады, бұл ЖКО себептерін анықтау және жою, рейдтік іс-шаралар жүргізу, жол қозғалысы ережелерін сақтауды насихаттау, проблемалық учаскелерде аппараттық-бағдарламалық кешендерді орнату, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру.

Жобаға облыс тұрғындары да қатыса алады. Ол үшін біздің телеграмм арнамызға (мына телефонға +7-777-012-35-91) жол белгілерінің, жарықтандырудың, бағдарламалардың болмауы, қардың уақытылы күрелмеуі, сапасыз құрылыс, автожолдарға қызмет көрсету және жөндеу, жолда малдың болуы және т. б. деректер туралы фото және бейне материалдарды жолдау қажет.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



Асламбек МЕРҒАЛИЕВ, ҚР Жоғарғы Соты төрағасы:

«АЗАМАТТАРДЫҢ ҮМІТІН АҚТАУ МІНДЕТ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Спикер әкімшілік әділеттің тиімділігіне тоқтала келе, бұл жүйе азаматтардың құқықтарын қорғауға және қоғамның мемлекетке сенімін арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Жоғарғы Сот Аппаратының басшысы Наиль Ахметзакиров Президент Сот әкімшілігі (СӘ) туралы ережені бекіткенін хабарлады. Осылайша, Жоғарғы Соттың департаменті соттардың тәуелсіздігін нығайту және азаматтардың сенімін арттыру мақсатында жаңа орталық мемлекеттік органға айналды. Департаменттің сот реформаларын іске асыруға және соттарды қаржыландырудың жаңа моделін енгізуге қосқан үлесі аталып өтілді. Цифрландыруды дамытудың жоғары деңгейі қамтамасыз етілді. Алматы, Ұлытау және Абай облыстарында жаңадан соттар құрылып, тиісті жағдай жасалды. Қаңтар оқиғасы кезінде зардап шеккен соттардың инфрақұрылымы толығымен қалпына келтірілді. Бұл, өз кезегінде, сот төрелігін жүзеге асыру процесін судьяларға ғана емес, сотқа келушілер үшін де жайлы етуге мүмкіндік берді.

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев сот жүйесін дамытудың жаңа басымдықтарын айқындады. Сот билігінің консервативті сипаты-

на тоқтала келе, ол соңғы жылдары бірқатар өміршең реформалар жүргізілгенін атап өтті. Спикер сот жүйесін жаңғырту бойынша судьялық кадрлар, сот төрелігін жүзеге асыру және сот әкімшілігін дамыту бойынша Президент тапсырмаларының орындалу барысына назар аударды.

А.Мерғалиевтің пікірінше, реформалар жан-жақты ойластырылып жүргізілгенде ғана азаматтар мен кәсіпкерлердің мәселелерін шешеді. Сот төрелігінің сапасын арттыру мақсатында келесі шешімдер қабылданды:

- сот процестерін, әсіресе, жабық істер бойынша, кәмілетке толмағандардың құқықтарына қатысты, мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен болатын және т.б. отырыстарды онлайн форматта өткізу;

- сот практикасын қорытумен



ҚР Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

ӘЛЕУМЕТ

КӘСІБІ КЕЛІСТІ СЫР ЕЛІ

Ел экономикасын жүйелендіріп, кіріс көздерін ұлғайтудың оңтайлы формуласы – кәсіпкерлікті дамыту. Бұл сен тұр мен атайын дейтін әлем мықтыларының, әлем алпауыттарының бірауыздан келісіп мақұлдаған тұжырымдамасы. Дамушы мемлекеттерде кәсіпкерлік – экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету, тұрақты жұмыс орындарын құру мен кірісті ұлғайтудың басты факторы ретінде бағаланады. Біздің түсінікте де солай.

Қызылорда облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жасаған нәтижелі жұмыстары көп. Өңірлік коммуникация қызметінің баспасөз алаңында қонақ болған басқарма басшысы Қ.Мүбәрақов 2022 жылдың қорытындысымен басқарма құзырына қатысты кәсіпкерлік және өнеркәсіп салаларының көрсеткіштеріне тоқталып өтті. «2022 жылы облыста тіркелген шағын және орта кәсіпкерлердің саны 26,1%-ға ұлғайып, 71823 бірлікке жетті. Нәтижесінде, жұмыс жасап тұрған белсенді кәсіпкерлердің саны 31,5%-ға ұлғайып, 67145 бірлікті құрады. Облыста кәсіпкерлер санының өсуі қарқынды алғашқы бестікке енді. Былтырғы 9 айдың қорытындысымен кәсіпкерлікте 116 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды. Бұл облыстағы экономикалық белсенді халықтың үштен бір бөлігін құрайды. Бұл кезеңде кәсіпкерлікпен 459 млрд теңгенің өнімі өндірілді. 2022 жылы кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 20 млрд теңгеден астам қаржы тартылды. Оның ішінде, Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 9,5 млрд теңге, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығына 2,9 млрд теңге қаржы қарастырылды», – деді.

Ұлттық жоба аясында субсидия беруге – 3,4 млрд теңге, кепілдік беруге – 1,6 млрд теңге, 5 млн теңге грантына – 92,6 млн теңге, 400 МРП грантына – 4,3 млрд теңге, РИЦ-ке облыстық бюджеттен – 895 млн теңге, АКҚ арқылы – 1,5 млрд теңге, қайтарылған қаражаттан – 550 млн теңге қарастырылған. Сондай-ақ, 3446 кәсіпкерлік бастама гранттармен қаржыландырылса, 2436 жоба қаржы институттары мен банктер арқылы 38,1 млрд теңгеге несиелендірілген. Қысқасы кәсібін жасап, ризығын осы саладан табамын дейтін әр қызылордалыққа мүмкіншіліктер қарастырылған.

2022 жыл еліміз үшін оңай басталмады. Қаңтар трагедиясы көп салалардың қарқында даму динамикасын тұралатып, біраз артқа тартқаны жасырын емес. Солардың кәсіпкерлерге үлкен зияны тиді. Бұл бағыт бойынша да мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетілгенін айтты. Қаңтар оқиғасынан зардап шеккен 21 кәсіпкерлік субъектінің қызметін қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Оның ішінде 9 шарғын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жергілікті бюджеттің резервінен 32,6 млн теңге көлемінде сомасы өтелді. «2023 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының жолдауы аясында жастар кәсіпкерлігін дамыту және қолдау мақсатында жеңілдетіл-



ген тәртіппен жылдық өсімі 2,5% болатын шағын несиелер берілетін болады. Ол үшін республикалық бюджеттен облысқа шамамен 1,3 млрд теңге қаржы қарастырылып отыр. Ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында облысқа 3 млрд теңге бөлінді. Қаражат облыста жүргізілген скрининг нәтижелерімен айқындалған 28 пилоттық ауылдық округтар бойынша бағытталады. Қосымша тағы да зерделенетін болады. Бұдан өзге, Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 8,6 млрд теңге қарастырылуда. Бұл қаражаттар аясында жыл көлемінде кәсіпкерлік субъектілерінің 2300-ден астам жобасын қаржыландыру көзделуде», – деді басқарма басшысы.

Сыр өңірінің өнеркәсіп саласының басым бөлігі тау-кен секторына тиесілі. Соған қарамастан атаулы бағыт бойынша үлкен проблемалар орын алуда. Нақты сандармен сөйлетер болсақ статистика бойынша мұнай өндіру көлемі әр жыл сайын 10-12 пайызға төмендеп келеді. 10 жыл уақыт ішінде мұнай өндіру саласы 60 пайызға қысқарған. 2013 жылы – 10,5 млн тонна

өнім өндірісе, өткен жылы бұл көрсеткіш 4,0 млн тоннаны құраған. Бұның себебін қазіргі мұнай көздерінің сарқылуы мен аязуынан деп түсіндіреді мамандар. Осыған орай, мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,8%-ға төмендеп, 1 031 млрд теңгені құраған. Биыл бұл олқылықтардың орны толық толтырылып, тау-кен саласының жаңа тынысы ашылады деп сендірді, спикер. Бұл бағытта геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Республикалық бюджет қаражаты есебінен Шу-Сарысу (2,2 млрд теңге), Сырдария (4,3 млрд теңге) және Арал бассейндерінде (8,5 млрд теңге) зерттеу жұмыстарын жүргізу көзделген. 2022 жылдың желтоқсан айында Шу-Сарысу бассейнінде геологиялық зерттеу жұмыстары аяқталды, Арал шөгінді бассейнінде («Батыс» және «Шығыс» учаскелерінде) өңірлік геологиялық зерттеу жұмыстары 2022 жылы басталды. Ал, Сырдария бассейні зерттеу бұлғы жылы басталады деп күтілуде. Ол бойынша тиісті министрлікпен жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, басқа жекелеген жер учаскелерінің геологиялық құрылысын айқындау жөніндегі геологиялық-минералогиялық карталау жұмыстарына республикалық бюджеттен 237,4 млн теңге бөлінді.

Сонымен қатар, жергілікті кәсіпкерлермен қатар, шетелдік инвесторлардың жобаларын табысты ұйымдастыру және қысқа уақытта жүзеге асыру үшін шағын индустриялық парктарды құрамыз. Бірінші кезекте – тамақ өнеркәсібі бағытында шағын парктар ұйымдастыру үшін жер учаскесі белгіленіп, жобалау құжаттары әзірленуде», – деді Қ.Мүбарқов. Атаулы жұмыстар «Байқоңыр» корпорациясының қызметін өңірлік даму инсти-

туты ретінде трансформациялау жұмыстары аясында жүргізілуде. Шыны зауытына қоса, өңірде индустрияландыру бағдарламасы аясында өткен жылы 5 жоба іске қосылған. Жоба құны – 1 млрд теңге. Мәселен облыс орталығында «Вега Пром» серіктестігі жұмыс жасап тұрған құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын өндірісін кеңейтті. Нәтижесінде, жылдық қуаттылығын 8,6 мың тоннадан 24 мың тоннаға ұлғайтты. Сырдария ауданында жеке кәсіпкер «Игілік» жылдық қуаттылығы мың тоннадан асатын балық ұнын шығару цехын іске қосты. Қазалы ауданында жеке кәсіпкер «Игілік» жылдық қуаттылығы мың тоннадан асатын балық ұнын шығару цехын іске қосты. Қармақшы ауданындағы «Тұрған тамы» серіктестігінің жылына қуаттылығы 324 мың тонна балық өңдеу цехы жұмысын бастады. Қызылорда қаласындағы «Нұр-Орда» серіктестігінің бетон қуаттылығы тәулігіне 200 текше метр бетон өнімдерін шығаратын зауыты ел игілігі үшін жұмыс істейді. Жалпы алғанда, бірыңғай индустрияландыру картасы аясында облыста құны 613 млрд теңгені құрайтын 6,8 мың жұмыс орнын құруға бағытталған 37 жоба жүзеге асырылуда.

Өңірде тіркелген 5 600 сауда орны бар және 30 базарлар үшін жылда жыл жаңалығымен қорытындыланды. «Сыбаға», «Сұлтан». «Асбол» сауда базарларында жаңғырту жұмыстарын жүргізу мақсатында эскиздік жобалары әзірленіп, жалпы құны 9 млрд теңгені құрайтын сауда базарларын жаңғырту жұмыстары 2025 жылы толығымен аяқталып, іске қосу жоспарлануда.

Туризм саласында да тұрақты даму байқалады. Былтыр облыстағы туристік аймақтарға 74 мыңнан астам турист келген. Оның ішінде 3 мыңнан аса шетелдік азамат-

тар демалысын Сыр өңірінде өткізген. Өткен жылмен салыстырғанда туристерді тарту 19,8%-ға артқан. Бұл жайлы брифингте, «Қазір өзімізде 3,8 мыңнан астам төсек-орны бар, 127 орналастыру орындары жұмыс жасауда. Былғы жазғы демалыс маусымында облыста 13 шағын және 2 ірі демалыс орындары жұмыс жасап, 37,7 мың демалушы келді. Оның ішінде 14,2 мың демалушыны 2 ірі «Қамысты-бас» (Қамбаш) және «Ханқожа көлі» (Бәйгеқұм) демалыс аймақтары қабылдаған. Сонымен қатар, қазіргі уақытта облыста жалпы сыйымдылығы 380 орынға есептелген 4 шипажай жұмыс істеуде. Былғы жылы, келушілердің саны 15 767 адамды құрады», – деді, Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы. Одан бөлек, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралінің бойында 52 жол бойы сервистік объектісі жұмыс қызмет көрсетуде және олардың 86,5% ұлттық стандартқа сәйкестендірілген.

Басқарма басшысы Қамбарбек Амангелдіұлы бұл көрсеткіштердің үстіміздегі жылда еселене түсуі үшін біршама бастамалар қолға алтынаындығын жеткізді. Белсенді шағын және орта кәсіпкерлердің санын 65 мыңға, ондағы жұмыспен қамтылғандарды 108 мыңға, өңірлік өнімдегі үлесін 20%-ға жеткізу көзделуде. Өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсімін 0,5%-ға және өңдеу өнеркәсібінің өсімін 7%-ға жеткізуді қамтамасыз ету, өңірде 424,2 млрд теңге инвестиция тарту жоспарын орындау басты назарда. 269 млн АҚШ доллар көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тарту, Индустрияландыру бағдарламасы аясында 5 жобаны іске қосу атаулы саланың ілгерілеуіне өз септігін тигізетін болады.

Ш.ЖАЛҒАФСЕБЕКҰЛЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

АУЫЛ ОҢАЛМАЙ, ЕЛ ТОҒАЙМАЙДЫ



Бүгінде қалың елді алаңдатып отырған көптеген әлеуметтік мәселелердің шешімі агроөнеркәсіптік кешеннің қарқынды дамуында.

Қазақстанның ауылшаруашылық нарығының жетілуі бүгінде әлем үшін өзекті мәселе болып отырған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекет тәуелсіздігінің басты катализаторы болып табылады. Әсіресе, жерінің жағдайы ауылшаруашылығына бейім, атадан балаға жетіп келе жатқан мал өсірудің дәстүрі бар Қазақстан үшін бұл саланы дамыту кезек күттірмес міндет болу керек. Өйткені, ел халқының 40 пайызы тұрып жатқан ауыл экономикасының көтерілуі мемлекет үшін бүгінгі таңда бас ауруы болып тұрған бірнеше өзекті мәселені шешеді. Олар азық-түліктің молшылығы мен қауіпсіздігі, қайта өңделген өнімдер көлемінің арттырылуы, халықты жұмыспен қамту, әлемдік нарықта өз орнымызды ойып алу.

Жалпы, елімізде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағытында аз жұмыс жасалмаған сияқты. Тәуелсіздіктің 27 жылы ішінде агроөнеркәсіптік кешен саласында 10 стратегиялық бағдарламалық құжат қабылданды. Яғни, орта есеппен 2-3 жылда бір стратегиялық бағдарлама дайындалып іске қосылған екен. Соған қарамастан, бұл сала еңсе көтере алмай келеді. Бұған базардағы жағдай нақты дәлел бола алады. Онда саудаланып жатқан өнімдердің дені өзгенің өнімі. Статистикалық деректер бүгінде біз қорек етіп жүрген азық-түліктің 70 пайызына жуығы сырттан келетінін айтады. 40 пайызға жетер-жетпес өз өнімдеріміздің бағасына шаш жетпейтіндей айналған. Басқаны айтпағанда, ет бағасы шектен шығып тұр десек те болады. Осының салдарынан ата кәсіби малшаруашылығы болған қазақтың көптеген отбасылары үшін «ет жеп, тіс шұқу» түске кіретін болған. Сол секілді, сүт өнімдері де қазақстандықтар үшін қалтаға салмақ салатын өнімге айналды. Базардағы бұл тауардың көбі Қырғызстан, Ресей, Украинадан келіп жатыр. Олардың сапасының қандай екені жұмбақ. Киіміміз болса да сырттан тасымалданады. Міне, осылайша, төрт түліктің арқасында мол да таза азық-түлікті қорек етіп, иығы бүтінделген қазақ технологияның дамыған заманында осы бардың берекесін келтіріп, базарлай алмай отыр. Ең қиыны, тұрғындары жаппай көшіп кетіп, өлі мекенге айналып бара жатқан ауылдар саны жыл санап артауда. Неге? Мұның бірнеше жауабы бар. Біріншіден, агроөнеркәсіптік кешеннің материалдық-техникалық базасы уақыт талабына сай емес, екіншіден, табиғи және еңбек ресурстарының ұтымсыз пайдаланылуы. Үшіншіден, ұсақ тауарлық емес шаруашылықтардың ірі тауарлық шаруашылықтармен кооперациялану деңгейінің төмендігі. Төртіншіден, ауыл шаруашылығы шикізатының өңделуіндегі кемшіліктер, «кеніштен тұтынушыға дейін» делдалдардың көптігі. Бесіншіден,

ғылыми зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізудің әлсіздігі. Алтыншыдан, инвестиция тартудың экономикалық тетіктерінің жеткіліксіздігі және агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік қолдау шараларының өз нүктесіне жетпейді. Осы ретте сала сарапшыларының сөзі барынша дәлелді және мәселені шешуге тұғыр бола алатыны даусыз. Біз пікірін сұраған бірнеше маманның айтқанынан түйгеніміз ауыл шаруашылығында ең алдымен ауыл кәсіпкерлерін, әсіресе, шағын және орта бизнес субъектілерін техникалық жарақтандыру және олардың қолжетімділігін арттыру, инновациялық технологияларды енгізу, тиімді агротехнологияларды трансферттеу үдерісін жеделдету қажет.

Жалпы, ауыл шаруашылығы – экономиканың инвестициялық тартымдылығы төмен саласы. Ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның жалпы көлемі 0,5 трлн теңге немесе оның жалпы инвестиция сомасындағы үлесі 5 пайыздан аспайды. Ауыл шаруашылығын инвестициялау көздері – лизинг және инвестициялық несие болуы мүмкін. Агроөнеркәсіптік кешенде кеңейтілген өндіріске мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржы ресурстары, атап айтқанда, субсидиялау бағдарламасы аясында жеткіліксіз. Республикада ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау деңгейі жалпы өнім құнының 5 пайызынан аспайды. Ал ДСҰ ережелері бойынша Қазақстанды тікелей мемлекеттік қолдаудың шекті деңгейі 8,5 пайыз болуы тиіс.

Тағы бір шешуді қажет ететін мәселе – ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және өткізу. Мамандардың айтуынша, Қазақстанда ауыл кәсіпкерлері өнімін сақтамау, өңдеу және буып-түюдің болмауынан егіннің 40 пайызы жоғалтады. Ал жетекші шет елдерде бұл көрсеткіш не бары 10 пайыз деңгейінде. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру және өндірілген өнімнің экспорттың арттыру үшін барлық жерде логистикалық және көтерме тарау орталықтарын салу қажет. Сауда-логистикалық жүйенің дамуы, тауарларды сату алдында дайындауға қажет инфрақұрылымның болмауы өнімді халыққа уақытылы жеткізу деңгейін төмендетеді. Осының салдарынан бөлшек сауда бағасының 70-75 пайызын белгілеп отырған «даладан тұтынушыға дейін» жүрген делдалдардың қатарын көбейтіп отыр. Дамыған елдерде олар бұл көрсеткіштің 25-30 пайызына ғана ие. Сондықтан заманауи «ақылды» қоймалар көптеп салыну қажет. Бұл аталмыш делдалдар санын қысқартады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін тікелей өткізу өңдеуші кәсіпорындардың қуаттылығын 1,3 есеге артыруға мүмкіндік береді. Сауда үстемесі 15-20 пайызға төмендейді.

Сонымен қатар – агроөнеркәсіп кешенін заманауи инновациялық техноло-

гиялармен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі ауылдың бағын ашпай отыр. Бұл ретте аграрлық ғылымның тиімділігін арттыру қажет болса, қаржының жеткіліксіздігі оның да аяғын тұсауда. Ауыл шаруашылығы ғылымын қаржыландыру көлемі 12 миллиард теңге немесе ғылымды қаржыландырудың жалпы көлемінің 13 пайызын ғана құрайды. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің мәліметінше, өндірісте аяқталған ғылыми жобалардың нәтижесінің 8 пайызы ғана өндіріске енгізілген. Агроөнеркәсіп кешенінің мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін ғылыми жобалардың негізгі бөлігі агроөнеркәсіптік кешеннің белсенді қатысуынсыз мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Осының салдарынан ауыл шаруашылығы саласын коммерцияландыру және технологиялар трансферті төмен деңгейде қалып отыр. Бұл ретте отандық шаруаларға тиімді технологияларды енгізудің қажеттігі айқын аңғарылады.

Агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуы және өндірілетін өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі көп жағдайда өндірісті білікті кадрлармен қамтамасыз етуге тәуелді екені белгілі. Осы тұрғыда Парламент Сенатының депутаты, Ауыл демократиялық халықтық партиясының төрағасы Әли Бектаевтың пікірі еріксіз назар аудартады. Әли Бектаевтың айтуынша, Еуропаның ортасында орналасқан Голландия деген мемлекеттің жері 41 мың шаршы метр яғни, біздің Алматы облысының бестен бір бөлігі ғана екен. Бірақ солай бола тұра Голландия жылына 50 млрд АҚШ долларына ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттайды. Ал біз бүкіл Қазақстан болып 5 млрд доллардың өнімін шығарамыз. Голландияның министрлік басшылары мұның сырын, аграрлық ғылымның жақсы дамығанымен байланыстырыпты. Өкінішке қарай, бұл мәселе де Қазақстанда күрделі болып тұр. Себебі, еліміздің жоғары және орта ауыл шаруашылығы мамандарының даярлауды едәуір қысқартты. Мұның өзі ауылды кадрлармен қамтамасыз етуді анағұрлым қиындатты. Бүгінгі таңда ауылдағы мамандардың орта жасы 50-ден асқан, ал ветеринарлардыкі 58-60 жасты құрайды. Аграрлық секторда 2500-ден астам маман жетіспейді. Сондықтан аграрлық мамандықтарды мемлекеттік тапсырыс арқылы қазақстандық жоғары оқу орындарына орналастыру, мемлекеттік гранттарды бөлу құқығын Ауыл шаруашылығы министріне беру қажет. Ауыл шаруашылығы мамандықтарына ауыл мектептерінің түлектерін көптеп қабылдау мақсатында оларға жеңілдіктер берудің қосымша шараларын қарастыру уақыт күтпейді. Мемлекеттік грант есебінен аграрлық жоғары оқу орындарын бітірген түлектерге ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында кем дегенде үш жыл үздіксіз қызмет етуді заң жүзінде міндеттеу, оған «Дипломмен ауылға» бағдарламасының мүмкіндіктерін бағыттау және аграрлық кәсіпорындарда жас мамандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу де бұл мәселені тиімді шешеді.

Тұтастай алғанда, ауылдың жайы ертеңгі стратегиялық бағдарламаны емес, бүгінгі нақты практикалық іс-қимылды қажет етеді. Өзінің былтырғы халыққа арнаған жолдауында Мемлекет басшысы «Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың басты міндеті – елді негізгі азық-түлік өнімдерімен толық қамтамасыз ету» екендігін айтып, нақты міндеттер жүктелген болатын. Атап айтсақ болсақ, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін 90 пайызға жеткізу, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттың екі есеге арттыру, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін 3 есеге ұлғайту, агроөнеркәсіп кешеніне инвестицияны 4 есеге арттыру бағытында жұмыс жүргізу қажет. Бұл ауылшаруашылығын жүргізудің үлкен әлеуеті бар еліміз үшін ауыр жүк емес. Керегі тек саланың осал тұстарын дұрыс айқындап, тиімді шешімдер қабылдау, оларды адалдықпен жүзеге асыру. Бұл тұрғыда агроөнеркәсіптік кешеннің жанашырларын, білікті мамандарын, тәжірибелі ғалымдарын, тәуелсіз сарапшыларын ортақ іске барынша тартып, олармен қоян-қолтық жұмыс істеудің қажеттігі айқын көрініп тұр.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

«Мама Про» әлеуметтік осал әйелдерді қолдау және дамыту қоры орталығы ерекше балалы аналарды кәсіпкерлік негіздеріне үйрететін және «баланы қалдыруынсыз» психологиялық көмек көрсететін ТМД елдеріндегі бірінші және жалғыз білім беру орталығы болып табылады. Аналар оқытылып жатқанда, олардың ерекше қажеттіліктері бар балалары тәрбиешілер мен психологтардың бақылауымен бөлек ойын бөлмесінде ойнап, дамып жатады. Орталықта оқытуды кәсіби бизнес-тренерлер мен психологтар қазақ және орыс тілдерінде жүргізеді. Барлық оқыту гранттар мен демеушілер арқылы тегін жүргізіледі.

ҚОРДЫҢ ҚОЛДАУ БАҒЫТЫ АУҚЫМДЫ

«Мама Про» қорының 2018 жылдың қаңтарында ерекше балаларды тәрбиелеп отырған үш ана – Айжан Әлжанова, Әсия Тикеева және Гүлсім Семёнова құрған. Қор жұмысының негізгі бағыты – тренинг орталығы аясында аналар мен мүгедек балалардың жақын туысқандарын оқыту курстарымен қамтамасыз ету. Қордың мақсаты – республиканың әрбір облыс орталығында филиалдар ашу және ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған барлық отбасыларға білім беру бағдарламаларына психологиялық қолдау көрсетуге қол жеткізу. 5 жыл ішінде білім беру бағдарламасының 100-ден астам түлегі өз ісін ашты.

«Мама Про» орталықтарында ерекше балалардың аналары кәсіпкерлік бойынша курстардан өтеді, оның ішінде цифрлық сауаттылық, бухгалтерлік есеп, жеке брендті дамыту, әлеуметтік желілерде SMM жүргізу, эмоционалды интеллекті дамыту, көпшілік алдында сөйлеу, т.б. Психологиялық қолдау курстары – мүмкіндігі шектеулі балалардың аналарын қолдаудың бөлек, өте маңызды бағыты. Шынында да, ерекше балалары бар көптеген аналар депрессияға ұшырайды, дәстүрлі форматта жұмыс істей алмайды, барлық уақытын бала күтіміне арнайды, өздерін ұмытады.

– Қазір Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар 100 мыңға жуық бала тәрбиеленуде. Мүгедек баладан, сонымен қатар, мүгедектіктен ешкім қорғалмаған. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелейтіндерге қатысты заңға күрделі өзгерістер қажет. Өкінішке қарай, ата-аналар, негізінен әйелдер, мансабын тастап, мүгедектігі бойынша жәрдемақыға өмір сүруге мәжбүр. Біздің орталықта қатысушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдылары оларға қызықты бизнес-жобаларды бастауға көмектесетіні, осылайша қиын өмірлік жағдайға тап болған басқа әйелдерге көбірек үлгі болатыны бізді өте қуантады. Сондай-ақ, бұл біздің қымбатты әйелдеріміз үшін өздерін осал сезінбей, алдыңғы қатарда болу және инклюзивті экономикаға белсенді қатысу және ерекше балалары бар отбасылардағы өмір сапасын жақсарту үшін жүйелі өзгерістердің драйвері болу үшін тамаша мүмкіндік, – дейді «Мама Про» қорының президенті Айжан Әлжанова. Оның айтуынша, қор орталығында 5 жылдың ішінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 1200-ден астам әйел білім алуда. Жұмыс барысында қор Астана, Алматы, Өскемен және Шымкент қалаларында өз филиалдарын ашты.

2021 жылдың соңында «Мама Про» мүмкіндігі шектеулі балалардың інілері мен әпкелеріне психологиялық қолдау көрсету және эмоционалды интеллектісін дамытуға арналған «Сиблингтер» жобасын іске қосты. Жобаның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу, қиын өмір тапсырмасын жеңу үшін бүкіл отбасына психологиялық көмек көрсету. Зерттеушілердің көпшілігі дені сау балалардың мұқтаж бауырына қамқорлық жасауға шамадан тыс тартылуы олардың әлеуметтік көріністеріне зиян тигізетінін атап өтеді. Дегенмен, салауатты отбасылық атмосфераны ескере отырып, көңіл мен сүйіспеншіліктің және олардың әрқайсысы үшін жауапкершіліктері әділ бөлінсе, балалардың өмірге жақсы бейімделуі байқалады. «Сиблингтер» жобасы жұмыс істеген қысқа мерзім ішінде 130 бала Астана және Алматы қалаларында білім алады.



– Біз қордың құрылтайшылары ретінде ерекше балалардың анасымыз, сонымен қатар бизнесті нөлден бастауда тәжірибеміз бар. Ерекше бала дүниеге келгенде аналардың қандай қиындықтарға тап болатынын біз өз көзімізбен білеміз. Бірақ осы қиын жолдан өтіп, біз өзіміз сияқты аналарға көмектесіп, бала тәрбиесінен қол үзбей-ақ кәсіби өсуге, дамып, табыс табуға болатынын көрсеткіміз келеді. Жақында Шымкентте қордың филиалы ашылды, осындай филиалдар көп болғанын қалаймыз. Ерекше балаларды тәрбиелеп отырған және қазір үміті үзілген қазақстандық әйелдер олардың жалғыз емес екенін және біздің қор мен қоғамдастықтың қолдауына сене алатынын білуі керек, – дейді «Мама Про» қорының тең құрылтайшыларының бірі Әсия Тикеева. Жалпы «Мама Про» қызметі туралы толығырақ ақпаратты қордың Instagram парақшасынан және <http://mamapro.kz> сайтынан білуге болады.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТ НЕГІЗІ



Мемлекетті мемлекет ететін – заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қолсұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі. Себебі, елдегі бар азаматтар заң алдында тең болғандықтан аларға қатысты заңбұзушылық жағдайы байқалғанда істің ақ-қарасын анықтап, айыптыны айқындайтын да сол – мемлекеттік сот органы.

Сот – мемлекет заңдарымен әрекет ететін ұйым. Оның шешімі – тәуелсіз. Сот үшін ең басты ұстаным – мемлекеттің заңдары, сондықтан оның жұмысына ешкім сырттан ықпал ете алмайды.

Соңғы жылдары сот тәуелсіздігі күшейіп, соттың өзін-өзі басқару орган-

дары қайта құрылды, қазір осы салаға қатысты маңызды мәселелерді шешуге барлық судьяның қатысуына мүмкіндік беріліп жатыр. Екі-үш жыл бұрынғы кезеңмен салыстырғанда, судьяларды іріктеудің қазіргі процесі мүлде өзгерген. Мәселен, судьялардың жұмысын бағалау қайта қарастырылып, облыстық соттардың алқа төрағаларын іріктеудің конкурстық тәртібі енгізілген. Сондай-ақ, сот төрағаларының өз лауазымда екі реттен артық отыруына шектеу қойылған. Бұдан басқа «Түнгі сот», «Отбасылық сот», бітімгер-судья, татуластыру орталықтары, соттардағы фронт-кеңселер сияқты бірқатар пилоттық жоба жүзеге асырылды.

Шынына келгенде, халықаралық ұйымдар дамыған елдермен салыстырғанда қазақстандық соттар едәуір қолжетімді деп бағалайды. БАЖ салығының көлемі аса көп емес, істер тез қаралады.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік алғалы Қазақстанның сот саласы жан-жақты дамыған құқықтық институтқа айналды.

Берік УТЕЕВ,
Ақтау қаласының
мамандандырылған тергеу
соты төрағасының міндетін
атқарушы

Бүгінгі қазақ қоғамында «Гендерлік саясат» деген сөз естілсе мұны феминистік қозғалыс дейтіндер де аз кездеспейді. Оны еркектерді басып, әйелдерді көтеру, шексіз билікке қол жеткізу деп түсінбеуіміз қажет.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ: БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Гендерлік саясат дегенде адамдардың түсінігі әр түрлі. Гендер мәселесіне жан-жақты қарау қажет. Көбі гендерлік саясатты әйелден еркек жасау деп түсінеді. Гендерлік саясат дегеніміз – әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу боп табылады.

Қазақстандағы ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп мәселелерді көтеріп жүр. Ал гендер дегеніміз не? Гендер дегеніміз – ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдердің жиынтығы.

Гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол

жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Әрбір мемлекет өзінің Конституциясына сәйкес сыртқы және ішкі саясатпен айналысатыны белгілі. Өзінің атауы айтып отырғандай, сыртқы саясат – шет мемлекеттермен жүргізілетін қарым-қатынас, ал ішкі саясат – мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтып, жаһандану процесінен қалмай, алға қарай даму үшін қажетті тетіктердің бірі. Ал соңғы жылдары ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп айтылып жүр.

Гендерлік теңсіздік көпшілік әлеуметтік құрылымда тереңдеп орнықты, қоғамдық пікір жыныстық теңсіздікті біздің өмірімізде типтік емес, кездейсоқ құбылыс деп есептеп отырып, үнемі әйелдердің кемсітушілікке ұшырауын бәрі-бәрі бағалай бермейді. Әйелді кемсіту фактісі әйелдердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне жасырын формада гендерлік әлеумет-

тік шиеленісті туындата отырып, теріс әсер етеді. Біршама тарихи тәжірибе жинақтағанымен, адамзаттың өзінің бүкіл әлеуметтік қарама-қайшылықтарын шешуге қол жеткізе алмағандығы байқалады. Аналитиктер қоғамда әлеуметтік қатынастарды құрастырудың жаңа принциптерін әзірлеу, саяси ойлаудың ауқымды өзгеруі қажет деп атап көрсетті.

Гендерлік саясаттың мақсаты – бөле-жармай екеуіне де қоғамнан өз орнын табуына теңдей мүмкіндік беру. Қазіргі таңда маңызды мәселелердің бірі – гендерлік саясат болып табылады.

Ұлттық гендерлік саясат – еліміздегі демократиялық үдерістің ең маңызды құрамдас бөлігі. Халықаралық деңгейде әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын артып келеді. Қоғам мен мемлекет тарапынан да нәзік жандылардың іскерлік белсенділіктері мен саяси ықпалдастықтарына деген сенім жоғары деңгейде көрініс табууда.

Гендерлік саясатты тек статус, атақ пен мансап тұрғысынан емес, өзара келісім, бөлісу мен теңдік тұрғысынан алып қарасақ, гендерлік саясат жоғарыдағы көрсетілген мәселелерге өз септігін тиізірі сөзсіз.

М.ЖЕБЕЛХАНОВА,
Маңғыстау облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
кеңсе меңгерушісі

Қазіргі таңда мал ұрлығы күрделі мәселенің бірі болуда. Кейбір тұрғындардың малы өрісте ұрланса, енді бірі қорадан қолды болып жатыр.

МАЛ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАУ КЕРЕК

Малдың жоғалуының бірінші себебі – пада ұйымдастырылмай, қараусыз қалдыру.

Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкерлері ветеринария қызметімен бірлесіп, жолдарда мал тасымалдайтын көлік құралдары мен малдарға тиісті құжаттарын (малдың төлқұжаты жоқ немесе ветеринарлық анықтамасы жоқ, таңбалары мен сырғаларындағы нөмірлері сәйкес келмеу деректері) тексеру жұмыстары жүргізілді. Одан бөлек, көршілес Түркістан және Ақтөбе облыстарындағы әріптестермен

ақпарат алмасуда. Сонымен бірге, қараусыз, бей-берекет белгіленбеген орында жайылып жүрген малдардың иелеріне Әкімшілік кодекстің 408-бабымен әкімшілік хаттама толтырылады (Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу, санкциясы 3-тен 10 АЕК-ке дейін айыппұл).

Сол себепті малдарды бақташымен пада арқылы белгіленген орындарда жайған дұрыс (2022 жылдың 12 айында – 2053 хаттама толтырылған). Қылмыстардың уақытылы ашылмауына жоғалған малдарын иелері өз



күштерімен іздеп, полицияға кеш арыздануы да әсер етуде. Қабылданған шаралар мал ұрлығымен айналысатын тұлғалардың қылмыстық әрекеттеріне тосқауыл болды. Нәтижесінде мал ұрлығы төмендеп (-39,8%, 191-тен 113-қа), ашылуы жақсарды.

Дегенмен де, ұрлық бойынша уақытылы хабарлау, пада ұйымдастыру, малдарды таңбалау, сырғалау, JPS құрылғыларын енгізу жұмыстарын жүргізу тиімді болар еді. Себебі, ұрланған малдарды табу, тану барысында қиындықтар туындауда. Қызылордалық полицейлер

мен жергілікті атқарушы органдар бірлесіп мал ұрлығын болдырмау, алдын алу мақсатында көптеген жұмыс істеп жатыр. «Мал ұрысы», «Соғым» жедел профилактикалық шаралары аясында облыс аумағындағы шаруа қожалығының барлығына түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Тұрғындарға малдарды тіркеу, сырғалау, арнайы чип салу қажеттігі жиі ескерілуде. Бұл бағыттағы алдын алу жұмыстары жалғасатын болады.

**Қызылорда облысы ПД
баспасөз қызметі**

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 2022 жылы – 785 талап қою арызы түскен.

Талап қоюларды санаттар бойынша тізбектесек:

- Мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының әрекетіне дау айту бойынша – 224 іс;
- Мемлекеттік сатып алу бойынша – 111 іс;
- Жер дауы бойынша – 101 іс;
- Монополияға қарсы дау бойынша – 55 іс;
- Салық дауы бойынша – 52 іс;
- Тұрғын үй дауы бойынша – 40 іс;
- Азаматтарға арналған үкімет саласы бойынша – 30 іс;
- Құқық қорғау саласы бойынша – 27 іс;
- Еңбек дауы бойынша – 28 іс;
- Мүлік дауы бойынша – 25 іс;
- Зейнетақы даулары бойынша – 16 іс;
- Кеден ісі дауы – 13 іс;
- Өзге де талап қою бойынша – 22 іс;

Есепті кезеңде барлығы 717 әкімшілік іс аяқталған, оның ішінде 217 іс бойынша шешім шығарылған, қанағаттандырылғаны – 162. Яғни, шығарылған шешімдердің 74% жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында болған.

403 әкімшілік талап қою қайтарылды, оның ішінде 177 іс бойынша даулар өзара шешілгендіктен қайтарылған. 95 әкімшілік іс тараптардың татуласу, медиация рәсімі тәртібімен аяқталған. Медиация рәсім тәртібімен аяқталған істердің ең көбі жеке сот орындаушылардың үлесіне тиеді, яғни, 61 әкімшілік іс.

Соттылығы бойынша 2 әкімшілік іс жолданған. Есепті кезеңде уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғаларға қатысты 63 жеке ұйғарым шығарылып, мемлекеттік мекемелерге тиісті шара көруге жолданған. Оның ішінде мемлекеттік сатып алу басқармасына қатысты – 16, қала және аудан әкімдеріне қатысты – 14 жеке ұйғарым шығарылған.

Іс қарау барысында жауапкермен соттың сұратуы бойынша құжаттарды уақытылы ұсынбауына және заңды күшіне енген сот шешімдерінің орындалғанын растайтын құжаттарды ұсынбауына қатысты 16 іс бойынша жалпы сомасы 949 530 теңге ақшалай айыппұл салу туралы ұйғарым шығарылған.

Сотпен мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың қатысуымен дөңгелек үстел, тренинг, семинарлар ұйымдастырылып, насихаттау жұмыстары ұдайы жүргізілуде. Сондай-ақ, БАҚ өкілдерімен тығыз байланыста болып, ҚР ӘРПҚ-нің насихаттау жұмыстары бойынша судьялар телеарналарда сұхбаттар беріп, басылымдарда мақалалар жариялап, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша тоқсан сайын пресс-конференциялар мен брифингтер өткізіліп отыр.

**Қызылорда облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
баспасөз қызметі**



Әлбетте, барлық адам бірдей тәртіп пен талапты бұзбай күн кешпесі анық. Өмірдің өткелінен сүрінген, абайламай от басып, опық жеген сол азаматтар ақырында сотты болып, темір тордың арғы жағынан шығып жатқан жайы бар. Ал өмірі тар қапаста өтіп жатқан сол жандар сары уайым мен сарсаңға салынып, қайғы қысқан уақытта жаны жай таба алмай, өкініш өзегін өртейтіні сөзсіз.

Ойнап жүріп от басқандар өзінің қателігін түсінуі үшін осыдан үш жыл бұрын Пробация қызметі құрылды. Пробация қызметі – қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету,

ҚАСКӨЙ ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

сондай-ақ, пробацияны ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің органы.

Қазіргі таңда Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты Түркістан қалалық пробация қызметі бөлімінің есебінде тұрған сотталғандардың қайта қылмыс жасауына жол бермеу барысында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Десе де, есепте тұрған адамдардың арасында әртүрлі мінез-құлқы адамдар кездеседі, бірі қылмыс жасағанына өкініп, қылмыспен келтірген залалдың орнын толтырып, түзелу жолына түскен азаматтар болса, енді бірі тәртіпке бағынбай, сот жүктеген міндеттерді атқармай, жаза өтеу ережелерін қаскөйлікпен бұзып, түрмеге қайта түсуде.

Өзінің қателігін қайта жасап, қатаң жазаға тағайындалатын адамдар да кездесіп жатады. Осындайда, Түркістан қалалық пробация қызметіне тіркеуге алынып, жаза өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзған азаматтың қателігін өзгелер қайталамасын деген оймен оқырман назарына ұсынып отырмыз.

2021 жылы бөтеннің мүлкін жасырын жымқырған Дүйсенбай Түркістан қалалық соты бойынша 4 жыл мерзімге пробация есебіне алынған болатын. Өзіне берілген осындай уақытта құқық бұзушылыққа жол бермей, өзіне жүктелген міндетті орындамаудың салдары қатаң жазаға алып келіп соғатынын есте ойламаса керек. Өзінің қоғамға келтірген зиянды әрекетінен сабақ алмай сот жүктеген міндеттері мен шарттарын бұ-

зып және жаза өтеу барысында бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берген. Сондай-ақ, пробация бақылауына тіркелуге келмей, кешкі уақытта тұрғылықты мекен-жайында болмай, ақысыз еңбекті орындаудан бас тартқан.

– Түркістан қалалық пробация қызметінің есебіне алынған алғашқы күні бұл азаматқа өзінің құқықтары мен міндеттері түсіндірілген болатын. Алайда, бұл азамат жаза өтеу барысында өзіне сотпен берілген мүмкіндікті тиісті деңгейде орындамады. Оған жаза өтеу тәртібі мен шарттары түсіндірілгеніне қарамастан бірнеше рет, яғни, әкімшілік жауапкершілікке тартылып, белгіленген уақытта үйінде болмай, профилактикалық іс-шараларға қатысу үшін есеп беруге келмей, сот жүктеген міндеттерді орындамай жаза өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзғаны үшін, алдағы уақытта жаңадан қылмыс жасамауы үшін оның түзелу жолына түсуіне ықпал жасау мақсатында, пробация қызметінің ұсынысы қанағаттандырылып сотталушы азаматтың жазасының етелмеген бөлігі бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылып, жазаны Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтеу белгіленді, – деді Түркістан қалалық пробация қызметі бөлімінің аға инспекторы әділет капитаны Мұрат Құрбаналиев.

Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай «Тәртіпсіз ел болмайды», тәртіпке бас иген құл болмайды» деген ұлағатты сөзді әрбір еліміздің азаматы есте сақтаса екен.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

САЯСИ МӘМІЛЕ АЛАҢЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда соңғы жылдары кейбір сарапшылар елдегі заң шығарушы биліктің бұл сатысындағы өзгерістің пайдасымен қатар зиянды тұсы да аз болмағанын айтып жүр. Президентке ықпалы жағынан ғана емес, ел арасындағы беделі жағынан Парламентті халық әлі Жоғарғы Кеңестің деңгейіне жете алмады деген пікірде. Соның нәтижесінде Парламент билік органдары мен халық арасындағы саяси мәміле алаңы бола алмай келе жатыр.

Бұл 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы кезінде де айқын аңғарылды. Халық қалауысы саналатын Парламент депутаттары сол күндері бейбіт митингтен басталған наразы халықтың алдына шығып, оның мұң-мұқтажын тыңдап, қарсылықты қантөгіске жеткізбей шешуге ешбір ықпал жасай алмады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру 2023 жылдың еніпсіне жазыла ма?

2019 жылы 19 наурызда ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз еркімен Мемлекет басшысы өкілеттігін тоқтатқан соң, бұл лауазымға ие болған Қасым-Жомарт Тоқаев 2 қыркүйектегі алғашқы жолдауында: «Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет. Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады. Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске

бірінші сессия ашылған кезден басталады және келесі сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысының басталуымен аяқталады. Бұл орайда Парламент сайланымының кезектілігі Мәжіліс сайланымының кезектілігімен айқындалады. Парламенттің өкілеттік мерзімі кезекті сайланған Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімімен айқындалады. Ал 4-бап бойынша Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 98 депутаттан тұрады. 69 депутат – біртұтас жалпыұлттық сайлау округіне сай партиялық тізімдер бойынша саяси партиялардан, 29-ы бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша жасырын дауыс беру кезінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде сайланады.

Мәселен, Мәжіліс депутаттарының алғашқы сайлауы 1995 жылы 9 желтоқсанда өтті. Онда мажоритарлық жүйе негізінде сайланған 67 депутаттың 9-ы әйел болды.

Ал жетінші сайланым 2021 жылғы 10 қаңтарда өтті. Бұл жолы сайлауға қатысқан бес партияның үшеуі Мәжіліс құрамына кірді. Ал ондағы әйелдердің саны өзгеріссіз қалды.

Парламент - қоғамның айнасы

Мемлекеттік хатшы атап отырған бұл ерекшеліктердің тоғызыншысына қатысты жұртшылық арасында «Бұған дейін олар кәсіби түрде жұмыс істемеген бе?» деген сұрақ туындары анық. Шынында да «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңның 10-бабының 2-бөлігінде Сайлау комиссияларының біртұтас жүйесін Республиканың Орталық сайлау комиссиясы; аумақтық сайлау комиссиялары; округтік сайлау комиссиялары; учаскелік сайлау комиссиялары құрайтыны көрсетілген. Сондықтан оларды кәсіби, кәсіби емес деуге

2023 жылғы сайлаудың басты ерекшелігі

Ерлан ҚАРИН, Мемлекеттік кеңесші:

Бірінші, 2004 жылдан кейін алғаш рет Мәжіліске депутаттар бірмандатты округтер арқылы сайланады (98 депутаттың 29-ы);
Екінші, үміткерлерге партиялар мен Үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана емес, өзін өзі ұсынуға мүмкіндік туды;
Үшінші, бұл кезектен тыс сайлау болғанымен, оның өтетін мерзімі жарты жыл бұрын белгілі болды;
Төртінші, партиялардың Парламентке өтуі үшін белгіленген төменгі шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендетілді;
Бесінші, әйелдер, жастар және ерекше мұқтажы бар адамдар үшін қарастырылған 30 пайыздық квота партиялық тізім мен мандаттардың бөлінісі кезінде сақталады;
Алтыншы, Мәжілістің жаңа құрамында Қазақстан халқы ассамблеясының квотасы болмайды;
Жетінші, алғаш рет Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауында «бәріне қарсымын» деген баған сайлау бюллетендеріне енгізіледі;
Сегізінші, сайлауға 7 саяси партия қатысуға құқылы. Оның екеуі партиялар туралы заңның жаңа нормалары күшіне енгеннен кейін тіркелді;
Тоғызыншы, облыстардағы аймақтық сайлау комиссиялары енді кәсіби түрде жұмыс істейді;
Оншыны, сайлаушылар бес бюллетень бойынша дауыс береді (республикалық маңызы бар қалалардағы бюллетень саны төртеу).

асыру – бәрімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» деді. Ал 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында билік өзінің жоспарын қоғамнан жасырын ұстайтын саяси дәстүрден арылуымыз керек дей келе, алдағы сайлау науқандарының кестесін жариялады. Яғни, 2022 жылғы Президент сайлауы, 2023 жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өткен соң Үкімет құрамы жасакталады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңартыны елге алдын ала белгілі болды. Осы арада заң шығару бастамашылығы құқығы тек Мәжілісте ғана жүзеге асырылатынын да атап өткен жөн шығар.

Әрине, Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет» дегенді жайдан-жай айтқан жоқ. Заң бойынша Президенттің кезекті сайлауы 2024 жылы, ал Парламент сайлауы 2025 жылы өтуге тиіс еді. Оны мерзімінен бұрын өткізуге 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы қаншалықты түрткі болғанын анықтап, талдауды болашақтың еншісіне қалдырайық. Өйткені, Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жолдауында: «Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын» деп өз мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді және қайта сайлануға тыйым салуды ұсынды.

Мәжіліс депутаттары қалай сайланады?

1995 жылы 16 қазанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 2-бабы бойынша, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл. Ол

еш негіз жоқ. Өйткені, заңда аумақтың сайлау комиссиялары (13-бап) мен олардың өкілеттіктері (14-бап) туралы арнайы баптар бар. Яғни, олардың қызметі құқықтық тұрғыдан ғана емес, кәсіби тұрғыдан да жан-жақты қарастырылып, реттелген.

Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді органы саналғанымен, ол өзі қабылдаған заңдардың орындалуын қадағалаудағы өкілеттігін толық көлемде жүзеге асыра алмауда. Оны Мәжілістің жалпы отырысының стенограммаларына көз жүгіртіп, депутаттардың заң жобасын қабылдау барысындағы белсенділігінен де аңғаруға болады. Осы арада Мәжілістің жалпы отырысында белгілі бір депутаттың бастамашылығымен фракция не депутат тобы атынан жарияланатын сауалдардың кейде қайталанатынын да атап өткен жөн шығар. Бір қызығы, депутаттар кейде жауапқа қанағаттанбағанымен, заңдағы өз өкілеттігін пайдалануға селқостық танытады. «Бәрібір осы жауапты қайта жібереді. Біз өз тарапымыздан мәселені қозғадық. Атқарушы билік органдарының оны қалай және қандай деңгейде орындайтынын біз әрдайым қадағалай алмаймыз» деген олар мәселенің бәрін жиі өзгертін Үкіметтегі ауыс-түйіске тірейді.

«Өзі басқаратын саланың жұмысындағы кемшіліктер үшін жауап беретін ешкім жоқ. Үкіметті жасақтайтын және кандидаттарды бекітетін, министрлерді тағайындайтын Президент пен Парламентте басым дауысқа ие болып отырған билік партиясының өз өкілдері. Яғни, дауыс беру кезінде бірнеше адамның қарсымын дегенінен ештеңе өзгермейді. Біз партиялық тізіммен емес, қайтадан бір мандаттық аумақтық сайлау округтері арқылы сайлауға көшпей бұл жағдай өзгеруе қоюы екіталай», – дейді Қазақстан ғалымдары одағының президенті, Жоғарғы Кеңестің 12-13, Мәжілістің 1-2 сайланымының депутаты Орзалы Сәбден.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖҮЙЕДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ



Мәселен, Ресейде Конституциялық Сот ерекше санаттағы сот ретінде сот жүйесіне кіреді, ал Германия, Италия, Румыния, Болгарияда Конституциялық Сот ерекше бақылау органы саналатындықтан сот билігіне жатпайды. Ал біздің елімізде мұндай биік құрылымды құру бойынша жұмыстар тәуелсіздік алған сәттен бастап қолға алынғаны белгілі.

«...Мінез бен дағдыны реформалауды заңдарды жаңартудан бастау керек» деген екен француз жазушысы Клод Гельвеций. Сол айтпақшы, жаңа ғана тәуелсіздігін алған елді құлдық санадан арылтып, өркениетті мемлекет болуға ынталандырудың тетігі тек заң арқылы жасалатыны түсінікті. Себебі, қоғамды жаңғырту заңдарды жаңартқанда ғана нәтижелі болады. Ал Конституциялық Сот құқықтық саладағы реформалардың бастауы іспеттес.

Қазақстанда 1992 жылдың 6 маусымында «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» заңы қабылданып, осы құжаттың негізінде Конституциялық Сот құрылды. Бұл мәртебелі құрылым 1995 жылға дейін елімізде нормативтік актілердің Конституцияға сай келуін қадағалайтын орган рөлін атқарды. Соған сәйкес, оған конституциялық бақылау жасаумен қатар, Конституцияның маңызы мен мәнін түсіндіру, саяси партиялар қызметінің Конституцияға сәйкестігі жөніндегі мәселені шешу, құзырет туралы дауларды қарау секілді міндеттер жүктелген болатын.

1995 жыл 30 тамызда қабылданған жаңа Конституциямызға сәйкес Конституциялық Соттың орнына Конституциялық Кеңес құрылды. Сот жүйесіне кірмейтін бұл құрылым да заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеруге жауапты болды.

Жылдар бойы Қазақстандағы құқық, заң саласының жандануына, талапқа сай болуына кепілдік берген Конституциялық кеңесті қайта Конституциялық Сот ретінде реформалау мәселесін бытырғы жылы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев көтерген еді. Президент тапсырмасына орай ауқымды жұмыстар қолға алынып, «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» заң қабылданды. 3 бөлім, 10 тараудан және 67 баптан тұратын бұл заңда Конституциялық соттың және оның судьяларының мәртебесі, олардың кепілдіктері мен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ, конституциялық іс жүргізу тәртібі қамтылған.

Бүгінде Конституциялық Соттың маңызы неде, Конституциялық кеңестен айырмашылығы қандай деген сауалдар көпшілік арасында жиі қойылады. Мұндай өзгеріс бекерден-бекер жасалған жоқ. Конституциялық кеңеспен салыстырғанда Конституциялық Соттың құзыреті кең. Бұл құрылымға сайлауды өткізудің дұрыстығын қарау, Парламент қабылдаған заңдар мен халықаралық шарттардың республика Конституциясына сәйкестігін қарау, сондай-ақ, Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру кіреді. Ең маңыздысы, Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысы бар нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарайды. Сондай-ақ, Конституциялық сотқа жүгіну құқығы Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге де берілгенін айта кеткеніміз жөн.

Қазіргі уақытта конституциялық іс жүргізудің жалпы шарттары мен қағидаттары бекітіліп, Конституциялық Сотқа жолданытын өтініштердің түрі, олардың нысаны мен мазмұны айқындалған. Бұл ретте азаматтар құқықтық-нормативтік актілердің ішіндегі өзі нақты келіспейтін бөлікті көрсетіп, оған қатысты пайымын беріп, оның Конституцияның қандай бабына қарама-қайшы екенін көрсетуі тиіс. Конституциялық Сот азаматтың шағымын өндіріске түскен күнінен бастап 3 ай ішінде қарайды. Заң үстемдігіне кепілдік беретін мұндай мәртебелі орган жұмысының жандануы азаматтардың заңға, билікке деген сенімін нығайтатын көміл.

Майкүл МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

БАҚ-пен БАЙЛАНЫС ЖОҒАРЫ

Орыс публицисті Н. Михалковский «Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды» дегенді бекер айтпаған. Себебі, қоғамды бұқаралық ақпарат құралдарының елестету мүмкін емес. БАҚ-тардың халық пен билік арасын жалғайтын алтын көпірге теңдейтін осының дәлелі.

Жүйе жұмысындағы ашықтық пен жариялылық негізгі басымдықтардың бірі десек, бұл ретте соттар бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз әріптестік қарым-қатынаста. Мәселен, соттарда ақпараттық бөлімдер, БАҚ-пен өзара іс-қимылды үйлестіруші судьялар жұмыс істейді. Бұған қоса, әлеуметтік желілердің де мүмкіндігі кеңінен пайдаланылып жатыр.

Қазіргі таңда ел соттарының өз сайттары, әлеуметтік желілерде парақшалары бар. Сондай-ақ, судьялар әлеуметтік желілерде белсенді. Сайттардан қаралып жатқан істер, өткізілген шаралар туралы және тағы басқа сот қызметі жайлы қажетті ақпараттарды оңай табуға болады. Азаматтар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысты сұрақтарын қоя алады. Сонымен қатар, сот қызметкерлері тікелей эфирлерге шығып, жұртшылық көкейіндегі сұрақтарға жауап береді. Соттарда қызығушылық туғы-

зған істер бойынша баспасөз мәслихаттары ұйымдастырылып, жұртшылыққа түсіндіріледі. Журналистермен байланыс ақпарат алмасумен ғана шектелмейді. Біз оларға халыққа сауатты құқықтық түсіндірме жасауда бағыт-бағдар көрсетеміз. Өзара түсіністік жағдайында жұмыс жасау құқықтық тақырыпта жазылған мақалалар мен теле-радио бағдарламаларының санымен бірге сапасын да арттырады.

Жалпы алғанда, жүйе жұмысы мен ондағы болып жатқан реформалар, заңдардағы жаңашылдықтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жан-жақты жеткізілуде. Жаңа бастамалардың қоғамнан қолдау табуына БАҚ өкілдерінің атсалысуы өз кезегінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жоғары деңгейде қорғауына жағдай жасайды. Әрі қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз етуге де әсері айрықша. Сот жұмысының жетістігін насихаттап, кемшін тұстарын қоғамнан жасырмай ашық айту, жүйені дамып, жетілуіне орасан әсерін тигізеді анық.

Жабық сот отырысынан басқасына ел азаматтарының қатысуы, тіпті, процесс барысын БАҚ өкілдерінің түсіруі қазіргі сот жүйесінің ақпараттық ашықтығының деңгейін көрсетеді. Бұл жағынан АҚШ-та көп ілгерімді. АҚШ заңында сот процестерін суретке,

камераға түсіруге тыйым салынған. Сот жұмысын қоғамға дұрыс түсіндіру қашан да маңызды екенін ескерсек, судьялар мен журналистерден әділеттілік пен шынышылдық теңдей талап етіледі. Өйткені, сот әділ, ақпараттың шын болса ғана халықтың сеніміне ие боламыз. БАҚ өкілдерінің жыры алыбы Жамбыл бабамыздың «Мен нені көріп тұрмын, соны жырға қосамын» деген қағидатын ұстанып, әрбір жарияланымды нақты фактілермен беруі өте маңызды құндылық. Олай дейтініміз, әрбір жарияланымды нақты фактілермен беруі өте маңызды құндылық. Олай дейтініміз, әрбір жарияланымды нақты фактілермен беруі өте маңызды құндылық. Олай дейтініміз, әрбір жарияланымды нақты фактілермен беруі өте маңызды құндылық.

Ел Президенті «Халық үніне құлақ асатын мемлекетті қалыптастыру үшін әр сала өз тұтынушыларымен ашық диалог орнатуы қажет» деген болатын. Журналистер де, соттар да қоғамдық мүддені қорғап, мемлекетіміздің даму жолында еңбек ету мақсатын көздейді. Осы себепті, арамызда қызметтік әріптестік нық орнап, «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» жұмыс істеуге, сол арқылы қоғамымызда заңның нық үстемдік құруын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Дінасыл ЖАНАТҚЫЗЫ,
Түркісіб аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

САЛЫҚ

Сот шығыстары – азаматтық істер бойынша мемлекеттік баж бен шығыннан тұрады. Мемлекеттік бажды төлеудің тәртібі мен мөлшері, сондай-ақ, оны төлеуден босату негіздері «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексте айқындалған.

СОТ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекеттік бажды бюджетке төлеу төлем құжаттарымен немесе кассалық құжаттармен, ал төлемдерді банкоматтар, электрондық терминалдар, қашықтан байланысу және «электрондық үкімет» төлем шлюзі арналары арқылы төлеген кезде қағаз жеткізгіштер немесе электрондық чек және түбіртекпен расталуға тиіс. Мемлекеттік баж салығы бастапқы және қарсы талап қоюшыға, сондай-ақ кассациялық шағым берушіге жүктеледі.

Азаматтық процесің кодекстің (АПК) 108-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарға: куәларға, сарапшыларға және мамандарға төлеуге тиісті сомалар; тиісті орында қарап-тексеруді жүргізуге байланысты шығыстар; заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығыстар; жауапкерді және (немесе) баланы іздеу бойынша шығыстар; іс бойынша жарияланым мен хабарландыруларға байланысты шығыстар; тараптарға және іске қатысатын басқа да тұлғаларға хабарлау және оларды сотқа шақыру бойынша шығыстар; тараптар мен үшінші тұлғалардың жол журу және тұрғын үй-жайларды жалдау бойынша, олардың сотқа келуіне байланысты жұмсаған шығыстары; өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстар; сот өтелуге жатады деп таныған, оның ішінде тараптардың кейіннен сотқа жүгінген кезде дауды міндетті түрде сотқа дейін реттеу рәсімдерінде жұмсаған басқа да шығыстар жатады.

Талап қоюшы немесе қарсы талап қоюшы азаматтық тәртіппен сотқа талаппен (қарсы талаппен) жүгінген кезде сот шығыстарын қарсы тараптан өндіруді сұрауы мүмкін. Бірақ, сот шығыстары талаптың мәніне кірмейді. Осы ретте ескере кететін жайт бар. Іс тәжірибеде көрсеткендей, сот шығыстарын талап ретінде қарастырып, ол үшін артық мемлекеттік баж төлейтін жағдайлар кездесіп жатады. Негізінде сот шығыстары үшін мемлекеттік баж төлеудің қажеті жоқ.

АПК-нің 226-бабы 6-бөлігінің та-

лабына сай шешімнің қарар бөлігінде сот шығыстарын бөлу туралы мәселе шешіледі. Сот өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығыстар талап қоюшыға – талап қою талаптарының сот қанағаттандырыған мөлшеріне пропорционалды, ал жауапкерге талап қоюшының талап қою талаптарынан бас тартылған бөлікке пропорционалды түрде алып беріледі.

Егер талап қоюшы мемлекеттік баж, сондай-ақ, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығын төлеуден босатылса, мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады. Өндіру жөнінде сот актісінде көрсетіледі. Сонымен қатар, азаматтық іс жүргізуде қорғаушының қызметіне қатысты да даулы мәселе болып жатады. АПК-нің 113-бабы 1-тармағында мүлкілік талаптар бойынша осы шығыстың жалпы сомасы талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігінің он пайызынан аспауға тиіс. Мүлкілік емес сипаттағы талап бойынша шығыс сомасы ақылға қонымды шекте өндіріліп алынады, бірақ ол 300 АЕК-тен аспауға тиіс. Көпшілік жағдайда мүлкілік сипаттағы талаптар бойынша өкілдің қызмет ақысы соманың 10%-ынан асып кететін жағдайлар да кездесіп жатады.

Тараптар бітімге келген жағдайда олардың арасында жасалған бітімгершілік шартында сот шығыстарын өндіру мәселесі де қаралуы мүмкін. Яғни, сот шығысын дауламау немесе өзара келісім негізінде қарсы тараптан өндіру. Сонымен қатар тараптар бітімге келген уақытта төленген мемлекеттік баж сот ұйғарымымен кері қайтарылады.

А.ӘБЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

САРАП

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ЖАРЫСПАЛЫЛЫҚ

Соттың абыройы – мемлекеттің абыройы. Өйткені, мемлекетте әділдіктің сақталып, заңдылықтың орнығуы сот жұмысының сапасы мен төреліктің туралығына тікелей байланысты. Бұл өз кезегінде сот жұмысын үнемі жаңғыртып, заңнамаларды тұрақты реформалау қажеттігін алға шығарды. Соған орай жаңа заңдар қабылданып, көптеген құқықтық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, қылмыстық процестің концепциясы өзгертілді. Әсіресе, қылмыстық процестің жарыспалылық қағидатын кеңейтуге ерекше ден қойылды.

Әрине, жылдар бойы қалыптасқан жүйені бірден өзгерту оңай емес. Себебі, кеңестік кезеңде тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы шектеулі болды. Күдіктіні ұстау кезінде ғана емес, сондай-ақ бұлтартпау шарасын таңдағанда да қорғаушы қатыстырылмады. Осылайша айыпталушы өз құқығын жеке дара іске асырды. Ал, қорғаушы іске тек алдын ала тергеу біткен кезден және оған танысу үшін іс материалдары берілген кезден бастап қана қатыса алатын. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап осы сірескен қағиданы өзгерту бағытында ауқымды шаралар қолға алынды.

Алғашында жарыспалылық алдын ала тергеу сатысында күдіктіге және айыпталушыға қорғану құқығын ұсыну туралы мәселе қозғалғанда көрініс таба бастады. Кейіннен мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясаты, қылмыстық-атқару заңнамасы жетілдірілді. Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттары халықаралық стандарттарға сәйкестендірілді. Бұл ретте барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың қолданыстағы қылмыстық-атқару заңының нормаларын мүлтіксіз әрі дәл сақтауы да заң үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды шарты екенін ескеруіміз керек.

Айыптаушы және қорғаушы тараптың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатын сот ісін жүргізуде жүзеге асыру аса өзекті. Біздің елімізде қылмыстық процестің аталған қағидатына сәйкес қылмыстық

қудалау, қорғау және соттың істі шешуі бір-бірінен бөлінген және оларды әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар жүзеге асырады. Ал айыптаушы мен қорғаушының тең мүмкіндігін қамтамасыз етудегі соттың рөлі қандай? Дәл осы сұрақ көпшілік тарапынан жиі қойылатыны рас. Ең қиыны, қорғаушы мен айыптаушы тараптың жарыспалылық қағидатын сақтамауына, өзіне заңмен берілген мүмкіндікті дұрыс қолданбауына сотты кінәлайтындар аз емес. Осы ретте соттың қылмыстық қудалау органы болып табылмайтынын, айыптаушы немесе қорғаушы тарап жағында әрекет етпейтінін және әділдіктен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейтінін баса айту маңызды.

Қылмыстық процесс барысында сот нақтылықты және бейтараптықты сақтай отырып, тараптардың өз атқарушылық міндеттерін орындауына және өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асыруына қажетті жағдайларды жасайды. Адамның қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы кінәлілігін дәлелдеу және оның өзін қорғайтын дәлелдерін теріске шығару органына жүктелсе, ал сотта іс жүргізу кезінде мемлекеттік және жеке айыптаушыларға жүктеледі. Төрелік алаңындағы таразының басы тең тартуы үшін қорғаушы күдіктіні, айыпталушыны қорғаудың заңда көзделген барлық тәсілдерін пайдалануға міндетті. Бүгінде бұған заңнамалық тұрғыда толық кепілдік берілген.

Қылмыстық қудалау органы мен айыпталушының теңқұқылылығын процессуалды қамтамасыз етуге бағытталған жаңа нормаларды қабылдау – заман талабы. Жалпы, сот төрелігіне жүгінген әрбір азаматтың құқығын қорғаудың механизмдерін мейлінше жетілдіру кезек күттірмейді. Сондай тетіктердің ішінде қылмыстық процестегі жарыспалылық қағидатының орны бөлек. Прокурор мен адвокат арасында қызу пікірталастың, тиісті сот тергеуі мен жарыссөздердің болмауы үкімдердің дұрыстығына, дәлдігіне күмән келтіреді. Ал мұны соңы сотқа деген сенімсіздікті тудырады белгілі.

Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығын қамтамасыз ету – демократиялық сот өндірісінің маңызды шарты. Бұл процесс сот барысында дәлелдемелерді зерттеу мен бағалау тәсілінен, процесс қатысушыларының өз мүдделерін қорғау амалдарынан, үш дербес процессуалдық функциясы жүзеге асыру тәсілінен тұрады. Ал, заңда қарастырылған қағида тәжірибеде өз мәнінде жүзеге асуы үшін айыптау мен қорғау тарабы белсенділік танытуы керек. Өйткені, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидасы дұрыс жұмыс жасама-са, онда алдын ала тергеудің айыптау бағытымен жүруі, бұл азаматтардың заң үстемдігі мен сотқа деген сенімін кемітетіні анық. Сондықтан, қорғаушы тарап айыптау бағытына қарсы келетін бірден-бір тетік – тиімді қорғаныс екенін түсінуі, заңдағы басымдықты тиімді пайдалана білуі тиіс. Соттың әділдігі, төрелікті туралығы сотқа ғана емес, қорғаушы мен айыптаушы арасындағы жарыспалылық қағидатының сақталуына байланысты дейтініміз сондықтан.

С.БАЙБОЛОВ,
Алматы қаласы
Жетісу аудандық №2
сотының төрағасы

ПӘРМЕН

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

«Отан отбасынан басталады» деген қазақтың тамаша тағылымы бар. Расында отанымыздың іргесінің берік, шаңырағының биік болуы әрбір отбасындағы татулық пен тыныштыққа байланысты. Махаббат пен сыйластық салтанат құрған жанұяда әркім өз міндетіне жауаптылықпен қарайды. Әке – қамқор, ана – мейірбан, бала – бақытты. Өкінішке қарай, мемлекеттегі барлық отбасы қамқорлықтың не екенін сезініп, жанашырлықтың қандай болатынын біле бермейді. Керісінше, отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбанына айналып, кімнен көмек сұрауын білмей шарасыз жағдайда күн кешіп жатқандар аз емес. Тіпті, отбасындағы ұрыс-жанжалға, әкенің ұрып-соғуына әбден үйренген әйел-балалар зорлық-зомбылықты қалыпты нәрсе деп қабылдайды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, расында да тұрмыстық зорлықтың құрбанына көбінесе әлеуметтік аз қамтылған топтар – қартайған ата-ана, әйелдер мен балалар душар болады.

Сөздің қадірін білетін бабаларымыз «Отбасынан бас кетсе, қазаннан ас кетеді», «Үй ішінен жау шықса, тұра қашып құтылмассың» деген тәмсілді тегіннен-тегін айтпаған. Расында, отбасының қорғаны – әке болса, алтын қазығы – ана. Осы ретте шаңырақтың шайқалуына түрткі болатын негізгі себептің



бірі – ер-азаматтың озбырлығынан орын алатынын айта кеткеніміз жөн. Өкінішке қарай, қазақы менталитетпен тәрбиеленген орталарда отбасындағы кемсіту, қорлау, зорлық көрсету әрекеттері көбінесе жабық күйінде қалып жатады. Өйткені, отбасының бүлінгенін қаламайтын әйелдер шаңырақты сақтау үшін күйеуінің соққысын көпшілікке жария ете бермейді. Ажыраса қалса ұл-қызы өзгелерге жалтақтап өседі деп қауіптенген аналар одан гөрі жұбайының озбырлығына шыдауды дұрыс санайды. Осының кесірінен күнделікті еркіндігі шектеліп, құқығы тапталған әйелдердің өмірі өкінішпен өтеді. Отбасын сақтауды

басты орынға қойған әйелдер баланың да құқығын шектейтінін түсіне бермейді. Шындығында бала үшін ата-анасының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейді. Дәрекілік, күш көрсетудің күнделікті қайталануы балалардың бағдарын өзгертіп, зорлық-зомбылықтың кейін ірі қылмысты тудыратынын да ұмытпау керек.

Конституцияда адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған. Зорлық-зомбылық – азаматтардың құқық бұзатын, бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Мұны әрбір

адам бала жастан түсінуі керек. Ұл-қызының озбырлық құрбаны болмағанын қалаған ата-ана тәрбиеге ерекше мән бергені дұрыс. Ол үшін алдымен өзі әлімжеттікке, тұрмыстық зорлыққа жол бермеуі шарт. Әкенің жұдырық жұмсап, күш көрсеткенін көріп өскен ұл ертең өз отбасында зорлық-зомбылық жасамасына кепілдік жоқ. Сондықтан, аналар отбасын сақтау үшін қорлыққа шыдай берудің соңы өз ұлының зорлықшы, қыздарының көнбіс болып қалыптасуына ықпал ететінін ұмытпағандары абзал.

«Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңға сәйкес зорлық-зомбылық физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық болып бірнеше түрге бөлінеді. Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мемлекеттің даму деңгейі мен мәдени хал-ахуалына қарамастан, әлемнің барлық елдерінде кездесетін мәселе. Бұл кеселге тосқауыл қою үшін елімізде кешенді шаралар жүргізіліп келеді. Мұндағы бірінші бағыт тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған. Екіншіден, соңғы жылдары отбасында озбырлыққа жол бергендерге тағайындалатын жауаптылық күшейтілді. Оның реті Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте пен Қылмыстық кодексте дәйектелген. Айталық бүгінде отбасында жанжал шығарып, жақындарының тыныштығын бұзғандар 5 тәулікке дейінгі мерзімге (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы) қамауға алынады. Бұл құқық бұзушылықтың алдын алу және зардап шеккендерді қорғау үшін жасалған. Ал жәбірленушіге қол жұмсап және денеге зақым келтіргені дәлелденгендер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1, 73-2 баптарына сәйкес 15 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынады. Бұл баптардағы айыппұл түрлері ескерту берумен алмасты-

рылды. Себебі, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол берген адамға айыппұл салу отбасының бюджетіне айтарлықтай салмақ түсіреді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73, 73-1, 73-2 баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалады және әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар жәбірленуші татуласа және келтірген зиянын жуып-шайса, олар әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Жәбірленушінің кешірім беруімен әкімшілік жауаптылықтан босату әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған жағдайда ғана жол берілуі отбасылық қарым-қатынасты сақтап қалу үшін мүмкіндік бере отырып, келешекте тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталап орын алмауының алдын алуға бағытталған, ал зорлық-зомбылық қайта орын алуы ол үшін жазаның бұлтартпастығын білдіреді.

Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық түріндегі құқық бұзушылықтар бойынша істі қозғауы жәбірленушінің арызы бойынша ғана емес, құқық бұзушылықтың анықталу фактісі бойынша да істі қозғау туралы заң нормасын еңгізу мәселесі қарастырылуды.

Егер отбасында үнемі ұрып-соғу орын алса, тұрмыстық зорлыққа жол берген адамға қатысты ҚК-нің 110-бабы (қинау) қолданылады. Аталған баптың бірінші бөлігіне сәйкес кінәлі тұлға 2 жылға дейін, ал екінші бөлігінде 4 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Зандағы мұндай тегеурінді тетік отбасының тыныштығын қорғап, ана мен баланың жайлы өмір сүруіне жағдай жасауды көздейді.

Д.ЕРАЛИЕВ,
Сырдария аудандық
сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕРЕЙІМ

Ықылым заманнан бері елдің елдігін ана тілі ғана танытып келген. Ана тілі мемлекеттің тірегі, елдігінің алтын қазығы. Әсіресе, билер сөзі үлкенді де, кішіні де бас идірген. Әр сөздің астарына үңіле, түсіне білсеңіз керемет! Сондықтан мен ана тілімді ардақтаймын. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген даналықты берік ұстанамын.

«Бұлақ басынан тұнады» деп халқымыз бекер айтпаған. Өмірден алынған қарапайым ғана сөз іспетті ғой. Тереңіне үңілсеңіз тәрбиелік мәнін, әулеттің басы болсаң кейінгі ұрпақ саған қарап бой түзейді, өседі, өнеді дегенді де аңғартпай ма?!

Бытыр Алакөл аудандық №2 сотына барлығы 723 кіріс хат-хабар келіп түсті. Соның ішінде 543 хат-хабар мемлекеттік тілде тіркелді. Яғни, 75,10% құрайды. Заңнама талабы бойынша талап арыз қазақ тілінде жазылып, сотқа түсіп, сот кеңсесінде тіркелсе сот мәжілісінде мемлекеттік тілде қаралып, қазақ тілінде шешім, үкім шығарылуы міндетті. Бұл талап біздің Алакөл аудандық №2 со-

тында мүлтіксіз орындалуда. 577 шығыс хат-хабар болса, оның ішінде мемлекеттік тілде 412 хат-хабар тіркелген, бұл 71,40% құрайды. Ал аудандық соттың ішкі хат-хабарларының барлығы да мемлекеттік тілде. Дерекке дәйектеме келтірсем, кеңсемізде арнайы жасалған сөрелерде құжаттар ретімен тізіліп тұр. Ұқыптылық, тазалық жақсы сақталған. Жиі қолданылатындықтан бірде-бір кітапты шаң баспаған. Кеңсе қызметкерлері де, тіпті судьялар да іздеген құжаттарын лезде табады. Нәтижесінде жұмыс алға басады. Біле білсек бұл да бір ізгілікті іс.

Қорыта айтқанда, әркім өз міндетін мінсіз атқарса ұжымда сыйластық пен



Бақытгүл ОРДАШЕВА,
Алакөл аудандық №2 сотының
кеңсе меңгерушісі

ынтымақ берік орын алатыны хақ. Абай Құнанбаевтың «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой. Бес асыл іс көнсеңіз», – деген сөзі әлі де өзекті, еңбектенген, талаптан адамға қашан да жаңа көкжиектер ашық.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

Парламент Мәжілісіндегі «Ақжол» фракциясының депутаттары 12 желтоқсанда – «Алаш күні» деп ресми белгілеуді және жыл сайын мемлекеттік деңгейде атап өтуді сұрап, Премьер-Министрдің атына сауал жолдаған еді.

КҮНТІЗБЕДЕ ЕНДІ «АЛАШ КҮНІ» БОЛА МА?

21 желтоқсанда жарияланған депутаттық сауалдың бастамашысы болған Б. Дүйсенбинов алаштанушы ғалымдардың бастамасын қолдай отырып, Тәуелсіздік күнінің қарсаңындағы 12 желтоқсанда – тарихи құжаттармен дәлелденген Алаш Республикасының құрылған күні ретінде – «Алаш күні» деп ресми белгілеуді және жыл сайын мемлекеттік деңгейде атап өтуді сұрайтындарын жеткізген еді.

– Биыл Алаш Республикасының құрылғанына 105 жыл толды. Естеріңізге сала кетейін, 29 маусымда «Ақжол» фракциясы бұл датаны мемлекеттік деңгейде атап өтуді талап еткен депутаттық сауал жолдаған болатын. Алайда, Үкімет бұл мәселені өкілетті министрліктерге тапсырғаны туралы жүре жауап берді. Сонымен, өкінішке қарай, бұл тарихи дата тағы да атаусыз қалды. Бұл мерейлі күнді тек алаштанушылар мен біздің «Ақжол» партиясы ғана түрлі іс-шара өткізіп, атап өтті. Бүгінде тарихи әділдікті орнататын күн жетті деп санаймыз», – деген фракцияның депутаттарына 17 қаңтарда Әлихан Смайыловтың жауабы жарияланды. Онда Премьер-Министр: «Қазіргі таңда, ҚР Президентінің Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша құрылған мемлекеттік комиссия жұмыс істеуде. Мемлекеттік комиссия өз құзыретіне сәйкес 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық, заңды және саяси тұрғыдан ақтау мәселелерімен айналысуда. Жыл сайын «Ақжол» партиясының бастамасымен ұйымдастырылатын «Алашқа тағзым» шеруі мен жылдағы дәстүр бойынша 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жоғары деңгейде іс-шаралар ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта, көтерілген мәселе Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына ұсынылатын болады», – деген.

Қазіргі таңда «ҚР мерекелері туралы» заң бойынша Қазақстандағы Ұлттық мереке – 25 қазанда атап өтілетін Республика күні болып табылады. Ал мемлекеттік мерекелер: Жаңа жыл (1-2 қаңтар); Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз); Наурыз мейрамы (21-23 наурыз); Қазақстан халқының бірлігі мерекесі (1 мамыр); Отан қорғаушы күні (7 мамыр); Жеңіс күні (9 мамыр); Астана күні (6 шілде); Қазақстан Республикасының Конституциясы күні (30 тамыз); Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан).

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАНЫМЫЗДА БАР



Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей, жазасын өтеп жүрген жасөспірімдерге қамқорлық танытып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу – әрбір адамның азаматтық парызы. Қамқоршылар кеңесінің төрайымы Роза Қайғатырова жақында қамқорлық балаларды қуантты.

Алматы қаласының ҚАЗ департаментіне қарасты №11 мекемесінде кәметке толмаған сотталғандар арасында «Жартас Қазақстан» қоғамдық қорының перзиденті Роза Қайғатырова сотталған балаларды мерекемен құттықтап, сыйлықтар тарту етті. Шара барысында құрметті мейман балаларға бос уақытында спортпен айналысуға кеңес беріп, спорттық тренажер «велодорожка» және 10 қысқы етік, әр балаға кемпиттер салынған дорба, салфетка, шұлық, термо шалбарлар сыйлады. Шынайы тілегін жеткізген қор басшысы балалардың болашаққа сеніммен қарап, тезірек бостандыққа шығып, қоғамға үлес қосуына және жақсы азамат болуына тілегін білдірді.

Іс-шара соңында САӨПТЖБ бастығы, әділет подполковнигі Алма Бәзілбаева мекеме бастығының атынан «Жартас Қазақстан» қоғамдық қорының директоры Р.Қайғатыроваға алғысын білдірді.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
Алматы қаласының
ҚАЗ департаментіне қарасты
№11 мекемесінің қызметкері

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

5. «KazEnergoService» ЖШС, БСН 010902500236, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Балхаш ауданы, Бақбақты ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, 20, тел.: +77005057876.

2. «Бабыр Бек» ұйымы ЖШС, БСН 220640025963, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі, 25/1 үй, 5 пәтер (кеңсе). Тел.: 87085090000.

МҰРАГЕРЛІК

4. 2021 жылғы 7 шілдеде қайтыс болған азамат Исмағұлова Надежда Исхаховнаның атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

БАНКРОТТЫҚ

3. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 18.01.2023 ж. ұйғарымымен «Астанинский бетонный комбинат» Мақсат» ЖШС-нің (БСН 050240000203) банкроттығы бойынша іс қозғалды.

ӘРТҮРЛІ

6. МҚҰ «Атырау Микроқаржыландыру орталығы» ЖШС мекенжайы Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 70, 5-ші тұрғын емес үй-жайдан Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі, 8/6 құрылысқа заңды түрде өзгергені туралы хабарлайды.

7. «AAE Service» ЖШС (БСН 190340000502) өзіне «AAE ProService» ЖШС-нің (БСН 050140010871) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 7 ықшамаудан, 35 үй.

8. «AAE ProService» ЖШС (БСН 050140010871) өзінің «AAE Service» ЖШС-не (БСН 190340000502) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 7 ықшамаудан, 35 үй.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢҒЕ

zanreklama@mail.ru

Жертөле ішінен беймәлім дауыс естіліп еді, аула маңындағы қандендер шәуілдеп, маңайды азан-қазан қылды.

Дөңгелек, қоралана отыратын жер үстелге оң шынтағымен сүйеніп, шыңқай шымнан соғылған салқын тамда буы көкке шапшыған ою-өрнекті қоңыр кеседен шәйін ықыласты сорптаған, ойлы жанарын біресе түскіздегі тоғыз өрім қамшыға, біресе балдағының бойындай ғана терезеге қадап, сол қолымен аппақ құдай сақалын тарамдаған, қым-қуыт, аласапыран ойға шомған қария көз жасының кесесіне мөлт етіп тамғанын байқаған жоқ. Осынау байлаусыз, алғау-сыз жалған дүниені кім үшін, не үшін кешкенін іштей байыптай алса да, көңілі байыз таппады. Өне бойы көрген қорлықтан қалжылдап, әжім торлаған бір уыс денесінен шыбын жаны шықпай, кү тірліктен базына кешіп, әлі де болса жарық дүниеде дәм-тұзы таусылмағанына лағнет жаудырғандай қабағы салыңқы тартып, тұнжырап отырды. Атжақты, шүңірек көзді, жазық маңдайлы, бірер жылдың ішінде басындағы түбітке ұқсас шашына ақ қырау қонып, жуан ернін жымқырып, шоқша сақалына бойлаған мөлдір тамшыларды елеместен терең күрсінген. Қария қарсы алдында шәй құйып отырған кемпіріне барлай қарады.

– Ит өмір-ай! – деді шал терең күрсініп. Кемпірі кемсеңдеп қоя берді. Ой үстінде көзінен сорғалаған өкініш жасын кимешегінің етегіне сүртті. Тамағын қырынап, жөткірініп алған қария.

– Жаратқанға не жазып ек. Біреудің ала жібін аттадық па? – деді кейістік танытып.

– Соны айтсаңшы, – деді кемпір. Өмірдің енді не мәні қалды? Бектасым табылып, аман-есен ортамызға қосылса екен.

Тамшының түсіндей терезеден бесіннің шуақты күні қос мұңлықты жұбардай күлімсіреп, үй ішіне етене сығалайды. Қос қабатты әйнектен ақшам жамырап, кешкі іңірге дейін көңілін аулайды. Шал-кемпірдің солғын тартқан, әжімделе бүрскен, тарамыс-тарамыс денесін жылытып, жұбатып әлек. Қызыл іңір бой көрсетіп, қап-қара түннің ызғарлы ысқырығын бәсеңдетіп, жылуды ұстап тұратын жұқалтаң әйнектердің ар жағынан көзге қораш қора менмұдалайды. «Бектасым осы қораны шыр айналып, жүгіріп жүрер еді. Қазір аузы-мұрны жабық қораның маңайына қой-ешкі де жоламайды, құдды ит-құс жүрген сияқты» деп налыған кемпір кесесін төңкеріп қойды. Осыдан екі-үш ай бұрын... ту-у, ұмыта бастады ма, әлде алжасып бара ма, жарты жыл бұрын Бектасым балалармен құаласпақ ойнаған қораның көлеңкесіне қой-ешкі үймелеп, жер бауырлап жата кететін. Қораға төне түскен балауса шыбықтардың жапырағы мен қабығын кертіп жеп, екі аяғын көтеріп, шұбар сақалын сапситып қойып, мойнын соза бір топ ешкі осы маңды айналсоқтап жүруші еді. Қазір қораның үстіне шығып алып, жел соқса құтырып, шуылдайтын талдың жапырағын жеу арман болған.

Қария бетін сипап, аузын жыбырлатып, «Е, Жаратқан, біздерге сабыр бере гөр! Тіріге – иман, өліге – береке бер! Асқа адалдық, басқа амандық. Бектасымды ортамызға аман-есен оралта гөр» деп жалбарынады.

Кемпір қос кесені жиыстырып болған соң ауру меңдеген аяғын ауырсынғандай шоқандай сығрып, от гүрлідеп жатқан пештің түбінен сая тапты. Пеш алдындағы шомбал тегенеден алып, томардай қара киды ошаққа сүңгітіп еді, көгілжім жалын жұтып жіберіп, лезде тұтана бастады, жағымды, көк түтін иісі танауын қытықтағандай. Бұл кезде іңір соңынан ерген қараңғылықты қашырғандай, мосқал пештің үстіндегі шойын плитаның саңылауынан жылу шашып, әр тұстан жылт еткен қызыл сәуле шашырады. Қараңғылық құшағына алған бөлме ішінде қос қарияның көлеңкесі пайда болды.

– Бектасым қазір жанымызда шауып жүрер ме еді? – деген кемпір бес жасар немересінің маңдайынан құмарта сүйіп, мейірлене иіскеп, айызы қанғанша өбіп, бауырына басқан күндерді есіне алды.

– Е-е, несін айтасың, жүрегіміз қан жылап қалды ғой, – деді қария бәлі құрысып, еңсе тіктеуге күш-қайраты күн санап кеміп бара жатқанына налығандай. – Кемпір-ау, жарық жақсаңшы. Екеуімізді қара басып, қараңғылық түскенін де



**ЖЕРТӨЛЕДЕГІ
ДАУЫС**

білмей қалыппыз ғой. Өрістен қой келген шығар, сиыр да мөңірейді ғой.

Кейуана өзінің де, шалының да іске алғысыз болып қалғанына кейістік білдіргендей:

– Көршіміз аман болсын, солар-ақ қамай салады ғой. Өзің күнде малдың алдынан шығып жүргендей несіне уайымдайсың? Онысы несі ей? – деді.

Кемпір бүкірейген белін оң қолымен ұстап, күшене екі-үш қадам жасап, электр шамының түймесін нұқып қалды. Қараңғылық құшағына енген үйдегі ескі жиһаз жарқырап ақта берді. Тек алақотан отыратын дөңгелек үстелдің астында, көне сандықтың жақтауы мен сырлы серванттың іргесі, темір бас төсектің қалтарысындағы қараңғылық қашып үлгермеді. Терезеден сыртқа атқынған созыла түскен сәуле мақпал түннің қара бояуын еңсеріп тастапты.

– Ойе-буй, қара басып неғып отырмын. Қазір Бекжаным мен келін шырақ жұмыстан қарындары ашып келеді ғой. Қой, түсте жасаған кеспені жылытып жіберейін, – деп кемпір қара қазанды пеш үстіне ерттеген. Күндіз шалы екеуі жарытып тамақ та ішпеді. Бесінде сарайға қарай, қазан түбіне екі-үш қабырға мен жұдырықтай жұмыр етті турап, кеспеге қосқан. Осы сәтте шік етіп есік ашылды.

– Ту-у, дастарқан жайып қойыпсыз ғой, апа. Несіне әуре болдыңыз.

– Үйде омалып отыра бергеннен не табам, келін шырақ.

– Дастарқан жайған екенсіңдер, бізді тоспай-ақ, тамақ іше бермедіңдер ме? – деді Ақмарал келіні ыңғайсызданып.

– Бектастан хабар бар ма? – деді ұлы.

Қария күрсінді. Кемпір кимешегіне сүрініп кете жаздап, ауру аяғы ауырсынғандай, сылтып басып, қара қазанды араластыра бастады.

– Е, немеремізді ойлап тамағымыздан ас өтпей қалды ғой? – деді кемпір әлденеге көңілі нілдей бұзылып.

– Біздің үйге қонақ та келмейтін болды ғой. Бектасым шауып жүргенде осы аулада балалар шуласып, есті алушы еді. Е, оған зар болып қалдық қой, қайтейік! Баласыз үй – мазар екен. Түнеуіңді есік алдында отырсам, ағайымның үлкен ұлы өтіп барады екен. Келіп амандасуға да жарамады, – деді қария. Кейіген күйі әжім соқпақ салған саусақтарын жуып, төрге өтіп, жастыққа жантая жайғасты.

Бір қолына асадал шәйнек, екінші қолына ішінде құшкер шөккен ыдысты ұстап, кемпір тапал үстелдің үстіне қоя бастады. Іле-шала пеш үстінде бүрк-сарк етіп қайнаған, ашуы көкке шапшыған шәуімді үстел үстіндегі жалпақ тақтайға қойып, сабырға шақырды. Сырлы

сервант пен тайпақ үстел арасында өзі қайырған сары майды тәрелкеге салып, үлгілдеп табаға піскен, иісі мұрын жаратын ақ нанды турап жүріп алды. Кеше Сыбанбайдың асынан әкелген сүр ет пен қызыл бауырсақ, шалының қолдан жасап берген келісінде түйілген дәмді жент, майы айырылған құрт – бәрі-бәрі көзді арбап, сілекейді шұбыртты. Бұл кезде баласы мен келіні киімін ауыстырып, ас үйге кіріп еді. Кенет қос қария бұлардың соңынан ере келетін Бектасын ойлап, ұнжырғасы түсіп кетті.

– Апа, сіз отыра берсеңіші! Шайды өзін құям ғой, – деді келін қипақтап, енесі жайнатып қойған дастарқанға қарап ұялғаннан. Кемпірдің өне-бойы шымырлап, сылқ етіп орындыққа отыра кетті. Қарысып қалған тарамыс қолдарын жазып, білегін, буындарын уқалап, үһіледі. Тоңазытқыштың үстінде төртбұрыш кішкене рамкаға салынған Бектасының суретін көріп, көңілі босап сала берді. Енді кемпір ғана емес, шалының, ұлы мен келінінің де асқа тәбеті тартпады. Бектас жайлы әңгіме қозғалса болғаны үй ішін көңілсіздік билейтін.

– Бектасым, Бектасын-ау! Құлыным-ау! – деп кемпір келінінен еш қымсынбастан еңіреп сала берген. Ұлы зор денесін түгел сілкінте, солқылдап жылап жіберді. Үйдегілердің жүйкесі әбден тозғаны сонша, көз жасына жиі ерік беретін болған.

– Қарғам-ау! Құлыным-ай! Қайда кеттің екен? Жер жұтты ма, өзенге ағып кеттің бе?

Шалдың аппақ сақалына ақ тамшылар бойлады. Кемпірдің етегіне жас тамды. Келін күйеуінің иығына басып төселіп, жасқа шыланған жанарын жасырды. Қора сыртындағы ит тағы үрді. Үй ішіндегілер маңайды әлем-тапырақ қылып, үдей түскен өкісін көпке дейін тоқтата алмады.

* * *

Бектас жоғалған күні ана жүрегі әлдебір жамандықты сезгендей жұмыстан ерте оралып еді. Есіктен еріп сала ас үйде ұршық үйіріп отырған енесіне қарап:

– Мама, Бектас қайда? – деді жанұшыра.

– Ойбай, көтек, не болып қалды? Жаңа ғана үйдің ауласында ойнап жүр еді ғой, – деді кемпір ұршығын диванға тастай сала орнынан атып тұрды. Аяғын сылтып басатынын ұмытып кеткен. Ақмарал сыртқа шығып дауыстады.

– Бектас, Бектас қайдасың?

Үн жоқ. Ене мен келін үйдің ауласын, көмір қора, мал қораның қуыс-қуысын іздесе де таба алмады.

– Балалармен ойнап кеткен шығар, – деді кемпір өзін де, келінін де сабырға жеңдіріп.

– Мама, жүрегім бір жамандықты сезеді. Бектас, бір бәлеге ұшырап қалмаса екен.

– Қой, тәйт әрі! Жаман ырым шақырма. Немерем ойнап жүрген шығар. Ойын баласы ғой. Қайда кетеді дейсің?

– Апа, балалармен кетсе сұранып кетер еді ғой.

– Ұмытып кеткен шығар, – деді кемпір жүзіне түскен күннің сәулесін оң қолымен көлегейлеп, – Бектас – ау, Бектас, қайда-сың жүгірмек.

Үйдің ауласындағы түнді күзеткен ит те ұйқысырап жатыр еді, адамдардың айғайына басын сәл көтеріп, қайта бой-күйездік танытып, жата кетті. Осы кезде балдағы қалтырап шал да келіп жаткен. Шарбақты жағалай, ағаш қақпадан кірген бойда:

– Әй, не бол қалды? Неге сонша айғайлайсыңдар?

– Бектас... Бектас жоғалып кетті, – деді келін.

– Жоғалғаны несі? Әй, кемпір, сен қайда қарап отырдың?

– Жаңа ғана жанымда жүрген, бала ғой. Зымырап бір орында тұрмайды.

Шал мен кемпір көрші-қолаңды аралап кетті. Ақмарал да ауылды түгел шарлап, аяғынан таусылған.

Ана жүрегі бір жамандық сезгендей дүрсілдей жөнелді. Баласын көрген, естіген бір адам болмайшы. Бектас шұты-күйлі жоқ. Бекжанға хабар жеткен. Жұмысынан алып-ұшып жеткен Бекжан атақ мініп, ауыл маңындағы жыңғыл-жықпылды, өзен бойын ұзақ кезген. Бірақ таба алмаған. Ауылдықтар да суыт хабарды естіп, «Е, байқұс бала қайда жүр екен?» Біреу алып кетті дейтіндей ауылға келген бөтен ешкім жоқ. Суға ағып кетпесе игі» десті жанашарлық танытып. Қарияның көршісі Гетман да жасыл түсті мотоцикліне мініп, талай жерді шарлап шыққан.

Қара тұн маң даланы құшағына алып, көз байланды. Бұдан әрі іздеу қиынға соғарын білген, әрі ауқаттанып алмақ болып Бекжан өзімен бірге қоярда-қоймай Гетманды үйге ілестіре кірген. Қарияның сәл дақ түскен жанарының жиегі қызарып кетті. Көзінің жасын етегімен сүртіп қойып, кемпір шоқандай секіріп, газ плитаның үстіндегі шәуімге қол созды.

– Гетман, төрлет айналайын! Кешке дейін сабылып тамағың құрғап кеткен шығар, – деген кемпір оюлы кесені ұсынған. Алдына қып-қызыл бауырсақ пен жеті шөлпекті үйген. Қария жеті нанға құран бағыштаған.

– Ала ғой, айналайын! – деді қария. – Қырықтың бірі қыдыр деген.

Гетман үндемеді. Ойға батқан күйі күрең шай мен екі-үш қызыл бауырсақты сүйсіне жеп қойды. Бекжан әбден шаршаған, әлде уайым мен күйзелістен

болар, асқа тәбеті тартпады.

– Байқұс балам қайда жүр екен? Бір нәрсеге ұшырап қалмаса екен, – деп ана іштей Жаратқанға сиыңды.

– Мына жеті қараңғы түнде немерем ауылдан адасып, шошынып қалатын болды-ау! Ит-құсқа кезікпесе екен, – деді кемпір кемсеңдеп.

– Жә, жамандық шақырмандар! Бір қайырымы болар. Үмітімізді үзбейік, – деді қария ойлы жанарымен үй ішіндегілерді тегіс шолып. Бұл кезде бәрі тегіс ас ішіп болған еді. «Басқа амандық, асқа адалдық бер, Алла!».

– Қария әжім басқан бетімен қоса шоқша сақалын сипады.

– Қой, Бектас ойнап жүріп шөп үстінде ұйықтап қалған шығар, барып қора жақты көріп келейін, – деп Бекжан орнынан түрегелді. Гетман да ере шыққан.

– Жарайды, мен үйге барайын, – деді Гетман.

– Жақсы. Көрші, жақсылығың құдайыңдан қайтсын, – деді Бекжан.

* * *

Аспан түстес өзен бала жоғалғалы бір апта аққан. Жылап аққан. Жұрт та жас жеткіншекті өлдіге қимай, жан азабын жүрегіне жерлеген. Ауыл маңындағы өркеш-өркеш таулар мұңға батып, сар дала ойға шомды.

Бекжан жамбасына темір төсек батып, ұзақ ойланған. «Егер балам суға ағып кетсе, ендігі мүрдесі табылар еді. Балқаштың балықшыларының ауына ілінбей ме? Әлде байқұс балам орман-тоғайға адасып, ит-құсқа жем болды ма екен? Мүмкін емес, әр тал-бұта, жыңғыл, шеңгелдің арасын қалдырмай шарлап шықтым ғой. Тым құрыса сүйегін...».

Ананың да жүрегі қан жылап, ойы сан-саққа жүргіген. «Баламның тірі екенін жүрегім сезеді. Бай емеспіз, баланы біреу алып кетіп, бопсалап ақша талап ететіндей. Мүмкін, баласы жоқ біреу ұрлап алған шығар. Ауылға бөтен көлік келген жоқ, атпен ұрлап кеткен болды ғой. Иә, иә, біреуге бала керек болған шығар. Бірақ кім? Кімнің босағасында жүр екен балам?».

Қария мен кемпірден де ес кеткен. Тапа-тал түсте жалғыз немереден айырылу оңай ма? Екеуі теңізге батқан кемедей күн санап шөгіп бара жатты. Шағын ауылда жұрт бір-бірін жақсы танитын. Кейбірі туыс-жеоқат болып кеткен. Ауылы аралас, қойы қоралас жататын тамыр-таныстардан да көңілге медеу боларлық бір белгі шықпады.

– Шал-ау, кімнен күдіктенеміз? Ауылымыз ауыл емес, бір атаның баласындай болып кеткен жоқ па? – деді кемпір шарасыз.

– Оның рас, кемпір. Туыстығымыз, көршілігіміз көпке өнеге. Тіпті, мынау өркені өскір Гетманның өзі жақсы туыстай болып кетті емес пе?

– Е, ауылымызға кезінде көшіп келген ниетті тузу, ақ соңы ағайын мұнда көп қой. Әлгі сұм соғыс біткен соң ағылды ғой, жарықтық.

Қос қарттың есіне қиын-қыстау кезең көлбеңдеді.

* * *

Елуінші жылдың басында Жетісу жеріне теміржол арқылы жүздері ақшыл сары, еуропалық нәсілді, бошан, кең иықты жұрт жеткен. Түсі сұрқай вагондардан топ-тобымен түсе бастаған, жұпыны киінген, арқаларында дорбасы, қолдарында шабаданы бар бейтаныс адамдарға қазақтар еріксіз таңдана, көз алмай қарап қалған еді. Кішкентай балалар үрпесе шешелерінің артына тығылып, сығалап қояды. Ауыл басышы әр үйге бір-бір отбасын аманаттаған. Тәртіп қатан, партия айтты, бітті! Жат жұртты бауырындай құшағына алуың қажет. Бірақ қазақ халқы қамшы салдырмай-ақ келген қонақтарға жеті шелпегін ұсынып, ерекше ықылас танытқан. Қонақтар таң қалысып, таңдай қақты. Жергілікті жұрттың көптен бері ескі досын көрмегендей сағына төс қағыстырып, жайдары жүзімен іші-бауырына кіріп бара жатқаны, тілін түсінесе де, тілегі бір екенін келген қонақтар анық ұққан. Қазақтардың қас-қабағын аңдаған.

– Жолдастар! Сонау Еуропадан сіздерден демеу, сүйеу сұрап, ақкөңіл, еңбекқор халық келіп отыр. Барлығымыз жағдай түзелгенше қарайласып, қамқорлыққа алайық.

Асхат ӨМІРБАЕВ
(Жаласы бар)